



ӘТТЕГЕН-АЙ!

ҚОРҒАУДЫҢ ОРНЫНА...

Халық арасында «қой терісін жамылған қасқырдай» деген сөз ежелден бар. Бұл енді қандай адамдарға арналып айтылатынын іштеріңіз сезетін болар. Шығыс Қазақстан облысында ұсталды. Былайша айтқанда – браконьерлер. Бірақ қой терісін жамылған нағыз қасқырлар солар. Өйткені браконьерлікпен инспекторлардың өздері айналысқан.

Күршім ауданы полиция департаменті хабарлағандай, қылмыс жасаушылар — Марқакөл қорығының қызметкерлері. Ұйымдасқан ұрылар сирек кездесетін майқан балығын тонналап аулап, уылдырығын қып-қызыл ақшаға сатып келген. Ел байлығын еселеу орнына оны саудаға салғандар бүкіл шаруаны кабинетте отырып-ақ бітірген.

Арнайы операция кезінде инспекторлардан уылдырық, мыңнан астам майқан балығы, 4 миллион теңгедей ақша, тіркелмеген тапанша мен балық аулайтын тор, рация тәркіленген. Сұғанақтар балықты мұздатқыш түгілі, бір тоннадан астам майқанды жерге көміп тастаған. Осыған байланысты пікір білдірген облыстық полиция



департаментінің өкілі Гүлжан Қамзина: «Уылдырықты алғаннан кейін қылмыскерлер балықты күзетілетін аймақтағы жерге көміп кеткен. Қазіргі уақытта тиісті сараптамалар тағайындалды», — деді.

Осылайша, сенген серкелеріміз майқан түгілі алтын балық ұстаса да аямайтын сынайлы. Тек олардың сыбайластары басқа аймақтарда да жүрмесін деңіз.

Мақпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

КӨКЕЙКЕСТІ

Ауадан ақша жасайтындардың дәурені жүріп-ақ тұр. Ақтөбеде елу қорымды бақылауына алған компания бейіт басын бизнеске айналдырып, енді бастары дауға қалып отыр. Сонда олар не істеген? Әлгі компания жерлеу рәсімімен айналысатын өзге мекемелерді зират басына жолатпай қойыпты. Олардың заң бұзғанын Жоғарғы сот та растаған. Енді шенеуніктер шектен шыққан кәсіпкерге қомақты айыппұл салмақшы. Басқа жол жоқ.

Ақтөбедегі жерлеу қызметін көрсетушілер қауымдастығының заңгері Расима Латыпова: «Көбіне марқұмның туыстары жақындарымен, көрші-көлемімен көрді өздері қазып жатады. Соған қарамастан, жерлеу рәсімін ұйымдастыру орталығы 20 мың теңге ақша алады. Моланың арасында жарты метр жер қалуы тиіс. Орталық болса, ол жерге де адам жерлеп, арты біраз дауға айналды. Көр қазуға келген басқа компания қызметкерлерін қорымнан қуып, қорқытады», — деп отыр.

Қорымдарды бұған дейін сенімгерлікпен басқарып келген орталыққа заңсыздықтары үшін айыппұл салынуы мүмкін. Өйткені соттың өзі зират басында бәсекелестік заңнамасы бұзылғанын алға

ЗАҢ ОРЫНДАЛСА ИГІ...



Міне, осындай кара жерден ақша тауып отырғандардың кесірінен, қазір өңірде қайтыс болған адамды ақырғы сапарға аттандыру тым қымбатқа түсуде. Өйткені осыдан екі жыл бұрын қала маңындағы барлық қорым жекенін қарауына өтіп кеткен. Ол кезде тұрғындар қарсы шыққанымен, құлақ асқан ешкім болмапты. Жерлеу рәсімімен айналысатын орталық қолына билік тиісімен-ақ, мола басында ақтық сапардың ақшасын санай бастаған. Мәселен, христиан діні өкілдерінің дәстүрімен жер қойнына тапсыру 80 мың теңгеге дейін жетсе, мұсылманша жерлеу 120 мың теңгеден басталады. Марқұмның туыстары көрді. Өздері қазған күннің өзінде, әлгі компания бір адамы жер қойнына тапсыруға 20 мың теңгеден ақша алған.

тартуда. Ақтөбе облыстық табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау департаменті басшысының орынбасары Сағындық Ерғалиев: «Жерлеу рәсімі бір ғана орталыққа берілген. Бұл бәсекелестік заңдылығына қарсы. Бізге басқа компаниялар арызданып, сотқа да берген едік. Облыстық соттан жеңілгенімізбен, Жоғарғы сот заңның бұзылғанын растап, шешімді бұзды», — деп түсініктеме берді.

Ал қорымды қарауға әлгі орталық әкімдіктен сенімхатты 5 жылға алыпты. Шартқа сәйкес, егер үстінен шағым көп түсетін болса, шенеуніктердің келісімді бұзуына құқығы бар. Ал оның өзге кәсіпкерлерді жолатпай, өз қызметін ғана тықпалағаны үшін, нақты қанша айыппұл төлейтінін монополияға қарсы департаменттегілер айта алмады.

Естеріңізде болса, осыдан екі жыл бұрын қала іргесіндегі қорым күтімі үшін аукционды жалғыз компания ұтып алғаны туралы жазғанбыз. Сол кезде тексерушілер де аукционды ұтып алғандардың өзге кәсіпкерлерді зират маңына жуытпай, өз қызметтерін ғана ұсынып отырған болатын. Екі жыл өтсе де, бұл шаруа әлі өзгермеген. Сол жылдары Қурайлы тұрғындары ауыл іргесіндегі қос қорымның жекенің қолына өтуіне қарсылығын білдірген еді. Өйткені зират маңындағы жерді жалға алған компания адам жерлеу үшін 20 мың теңгеден 100 мың теңгеге дейін ақы сұраған.

Жаңалық АҚАШ,
Ақтөбе облысы

АБАЙ – 175

Жақында Jas qazaq ұлттық апталығына белгілі абайтанушы ғалым, бүгінде жасы 90-нан асып отырған әдебиетіміздің абыз ақсақалы Мекемтас Мырзахметов ағамыздың тамаша сұхбаты шыққан еді. Осы сұхбаты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы да оқып, «Бұл кісіге эстафетаны өзің берсең жөн болады» деп маған арнайы тапсырма берген болатын.

АБАЙ ӘЛЕМІНЕ САЯХАТ



Президенттің осы тапсырмасы бойынша дана Абайдың бір өлеңін оқымақпын.

*Әуелде бір суық мұз — ақыл зерек,
Жылытқан тұлға бойды ыстық жүрек.
Тоқтаулылық, қалыпты шыдамдылық,
Бұл — қайраттан шығады, білсең керек.*

*Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,
Сонда толық боласың елден бөлек.
Жеке-жеке біреуі жарытпайды,
Жол да жоқ жарыместі жақсы демек.*

*Ақыл да, ашу да жоқ, күлкі де жоқ,
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.
Біреуінің күні жоқ біреуіңіз,
Ғылым сол үшеуінің жәнін білмек.*

Өздеріңізге мәлім, Абай өлеңдерін оқу эстафетасына Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы да қолдау білдіріп, ақынның өлеңін оқыған болатын. Мемлекет басшысы осы игі бастаманың бір реттік науқан болып қалмауына үлкен мән беріп отыр.

Осыған орай, Президент Әкімшілігінің басшысы Қырымбек Елеуұлы еліміздегі дипломатиялық өкілдіктер мен шетелдердегі біздің елшіліктерді, Қазақстан Халқы ассамблеясын, Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығын, Абайдың есімін иеленген жоғары оқу орындары мен колледждер ұжымдарын, орта мектептерді, Абай аудандары мен ауылдарын, тіпті қала берді Абай есімді азаматтардың бәрін қамтыған шын мәніндегі жалпыхалықтық эстафетаға айналдыру мақсатында, тиісті мекемелерге арнайы тапсырма-жоспар әзірлеуге нұсқау берді. Бұдан Абай шығармаларын оқу эстафетаның қаншалықты маңызды екенін аңғаруға болады.

Бұл игі бастама бір жыл бойы өтіп, келесі жылдың осы уақытына белгіленіп отырған ақынның 175 жылдық мерейтойына дейін жалғасуы тиіс. Еліміздің барлық азаматтарын осы челленджге атсалысуға тағы да шақырамын.

Енді осы эстафетаны белгілі абайтанушы, ғалым Мекемтас Мырзахметов ағамызға, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым Амангелді Айталы ағамызға, жазушы, алаштанушы-ғалым Тұрсын Жұртбай ағамызға, сондай-ақ досым Тәубажанға және жалпы абайтанушы, зерттеуші ғалымдардың бәріне жолдаймын!

БАСПАСӨЗ – 2019

«JAS QAZAQ» газетін оқи жүріңіздер!

Жазылу мерзімі	Қала	Ауыл
1 айға	279,24	297,86
3 айға	837,72	893,58
6 айға	1675,44	1787,16
12 айға	3350,88	3574,32

Жазылу еліміздің кез келген «Қазпошта» бөлімшелері арқылы жүргізіледі

Жазылу индексі
65032



БИРЖАМЕТР

МҮНАЙ (brent)
60,70

DOLLAR
386.05

EURO
428,25

РУБЛЬ
5,84

ҚЫЗЫҚСТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Тағы
қандай дәлел
керек?

(Толығырақ 2-бетте)



168 SAĞAT

www.jasqazaq.kz

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

БИЛІК

Осы аптада Қазақстанның Тұңғыш Президенті, Nur Otan партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен партия Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Жиында Елбасы партияның жұмысын жаңғырту жөнінде сөз қозғап, партияның сайлауалды бағдарламасы мен съездерде қабылданған шешімдерінің орындалу барысына тоқталды. Сонымен қатар дамуға кедергі кейбір түйткілдер төңірегінде де ой бөлісті. Біз сол пікірлерді екшелеп бергенді жөн көрдік.

ЖҰМЫС ТУРАЛЫ

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында күн сайын жүздеген алғысөз сөйлеп, ел ішінде 1000-нан астам сапар жасауға тура келді. Себебі ештеңе жоқ, айлық жоқ, дүкендер бос. Барлығы «бер» дейді. Мемлекетте жоқ болса, қайдан береміз? Қазір де 30 жылғы ұранды көтереді. «Маған бер, менің балам көп, айлығым аз, бер» дейді. Егер мемлекет тапсырмаларды шешіп, берсе, «аз, тағы да бер» дейді. Қараңыздар. Жұмыс істендер. Жұмыс істемеуге болмайды. Мемлекет қаржысын жинайтын – ел, халық. Ол халық жұмыс істемесе, мемлекеттің қалтасында ақша болмаса, нені береміз деп айтып, нақты елге түсіндіру керек емес пе? Қалай қарайсындар?

ХАЛЫҚҚА ЖАҚЫН БОЛУ

ХАЛЫҚ ТУРАЛЫ

Егер кішкентай мәселелерді жедел түрде шешетін болсақ, жақсы болар еді. Адамдар өмірінде сол ең кішкентай мәселені қажет етеді. Ішетін суы жоқ болса, бұл әкімдерге жұмыс емес пе? Бұл – адамның өміріндегі ең басты мәселе. Егер ауылда жол болмаса, бұл оның өмірі. Сондықтан адамдарға жақын болу керек. Партияның қоғамдық қабылдау бөлімдері жұмыс істеуі тиіс. Азаматтармен тұрақты түрде байланыс орнату қажет. Мемлекеттік орган басшылары, Премьер-Министр, министрлер, барлық деңгейдегі әкімдер азаматтармен кездесіп, оларды тыңдау керек.

ЖЕМҚОРЛЫҚ ТУРАЛЫ

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті түбегейлі күшейтіп, тазалық жүргізу қажет. Мұны жиі қозғап жүрміз. Сайланған Президент те бұл туралы айтты. Аталған бағытта жұмыстар атқарылып жатыр. Бірақ бұған халықтың өзі де атсалысу керек. Мысалы, Сингапурда жемқорлық әрекетін байқаған адам жағдайды дереу тиісті орындарға хабарламаса, жауапқа тартылады. Бізде осындай

ма? Бұл – қарапайым мысал. Nur Otan партиясының бастамасымен соңғы бес жылда сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағдарлама жасалып, заң қабылданды. Соған қарамастан, партия сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамды қалыптастыра алмады.

ЖАСТАР ТУРАЛЫ

Қазір ауыл жастарымен жұмыс істеу – маңызды міндеттердің бірі. Мен «Ауыл – ел бесігі» жобасын әзірлеуді тапсырдым. Тәжірибе жүзін де бұл жоба әлеуметтік инфрақұрылым жасаумен ғана шектелді. Бұл жобаның

шындық па, шындық емес пе, өздерің анықтап алындар.

Қазір телефон арқылы редакторларды қорқытып-үркіту кең тараған. «Егер сен осылай істесең, мен басқа біреулер арқылы жұмысыңнан шығарамын» дейді. Біз бұны білеміз. Бұл қалай болғаны?! Керісінше, қазір кез келген жергілікті кішкентай проблемалар республикалық масштабқа жетеді. Дәстүрлі БАҚ позициясынан айырылуда. Дәурен Абаев (*ҚР ақпарат және қоғамдық даму министрі – автор ескерт.*) осы туралы жақсылап ойланып, айналысуы тиіс. Және телефонмен қорқыту болмауы



басты мақсаты – ауыл жастары үшін жұмыс орындарын ашу, оларды ауылда тұрақтандыру. Ауылда ертең кім жұмыс істейді? Үкімет осы мәселелермен айналысып, тиісті шараларды қолға алу керек. Қазір урбанизация жүріп жатыр. Қалаға көшті тоқтату мүмкін емес. Егер де ауылдарда нақты жұмыс орындары ашылатын болса, жағдай жасалса, қалып жатыр. Кейбір адамдар қаладан ауылға қайта көшуде.

«БОЛАШАҚ» ТУРАЛЫ

«Болашақ» бағдарламасымен білім алған жастар аудан және облыс әкімдерінің орынбасары болып қызмет етті. Өкінішке қарай, бүгінде бұл тәжірибе тоқтап қалды. Мәселен, біз оқуға жібергендердің бірі – Алтай Көлгінов. Кезінде біз оны арнайы оқуға жіберлік, ал бүгін ол қала басшылығында отыр. Осындай азаматтар көп. Бәрін не үшін дайындадық? Қазір отырып алып, орындықты бергіміз келмейді.

БАҚ ТУРАЛЫ

Бүгінгі таңда жана медиа саласында шындықты бұрмалайтын арналар саны артып келеді. Жайдан-жай қандай да бір сауалнамалар жариялай салады. Ол

керек. Шенеуніктер редакторларға қысым жасайды, сынды түрлі жолдармен бұғаттайды. Сондықтан қоғамдық санада басқа шындық қалыптасады.

БІЛІМ ТУРАЛЫ

Көптеген жоғары оқу орнында емтихан ақшамен тапсырылатынын білеміз. Университетке түсу кезінде болды. Бірақ әдеттегі сессиялар кезінде сынақ кітапшаларын, бағаларды сатып алады. Студенттер жатақханадан орын алуға, басқа да өмірлік мәселелерді шешу кезінде пара беруге мәжбүр болады. Бұл жастардың наразылығын тудырады. Қауіпсіздік кеңесінің төрағасы ретінде Кеңеске жоғары оқу орнындағы бұл мәселені зерттеп, талқылауға шығаруды тапсырамын. Қорытындысы бойынша шешім қабылдаймыз. Жастардың өзі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға белсенді араласуы тиіс. Ақшаға сатып алынған білім қандай білім? Сонда қандай маман шығарамыз?

Ректорлармен де жұмыс істеу керек. Бірнеше жыл, 10-20 жыл отырған ректорлар бар.

Әзірлеген
Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

Пікір

ӘШКЕРЕЛЕУ КЕРЕК

Елордада Елбасы, Nur Otan партиясының Төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен партия Саяси кеңесінің кеңейтілген отырысы өткені белгілі. Жиында көтерілген көкейкесті мәселенің бірі де бірегейі – жемқорлыққа қатысты өрбіді. Бұл тұрғыда еліміздің Тұңғыш Президенті «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті түбегейлі күшейтіп, тазалық жүргізу қажет» деген пікір білдірді. Осы орайда, Парламент Сенатының депутаты Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫНЫҢ ойын білген едік.

Қытайда «Өтпелі кезеңмен өмір сүр» деген сөз бар екен. Бұл енді жағымды мағынада емес. Өйткені өтпелі кезеңде құндылықтарды бір қоғамнан екінші қоғамға ұсынған кезде көптеген мәселелер сыртта қалып қояды. Біз де сол, өтпелі кезеңнің ұрпағы болдық. Көптеген мәселелер нарық жүйесіне бейімделді де, адамдар арасындағы қоғамдық мүлікке деген көзқарас өзгерді. Жаппай жемқорлық басталды. 1994 жылғы мемлекеттік жекешелендіру сыбайластыққа кең жол ашты. Миллиондаған адам мүліксіз қалды да, бір топ адам байып шыға келді. Жемқорлық жоғарыдағыларды ғана емес, біртіндеп төмендегілерді де қамтыды. Тіпті ол тұрмыстық деңгейге дейін жетті. Осылайша, XIX ғасырға дейін ұлттымызды болмаған жат әрекет қанымызға сіңіп кетті.

Осыдан 22 жыл бұрын алғаш рет сыбайлас жемқорлыққа қатысты заң қабылданған еді. Өкінішке қарай, жат әрекетке заң да кедергі бола алмады. Мұның бірнеше себебі бар. Біріншісі – занның солқылдақтығы. Айталық, миллиондаған теңгені жымқырған азамат ұсталады. Бірақ ұрланған қаражатты айыппұлымен қайтарған кісі босатылады. Бұл мәселе кезінде парламентте көтеріліп, осал тұсымыз осы екендігі айтылған. Мемлекет мүлкін ұрлаған адам міндетті түрде соған сай жазалануы тиіс. Тіпті керек болса, өмір бойына түрмеге тоғытылғаны жөн. Екінші бір мәселе – сөз бен істің арасындағы айырмашылық. Жоғарыдан жақсы тапсырма беріледі. Бірақ ол орындалмайды. Жемқорлық дендеген бірден-бір сала – мемлекеттік органдар. Оның ішінде сатып алу – теңдер мәселесі былыққа айналды. Оны бәріміз білеміз. Бұл әлі күнге тоқтамай тұр. Тоқтамайтын себебі жемқор көп кешікпей құтылып кететінін біледі. Ал ондайларды халық алдында маскаралау деген бізде жоқ. Бұл орайда Елбасы жақсы мысал келтірді. Сингапурда сыбайлас жемқорлыққа қарсы агенттік бар. Онда көп болса, 6-7 адам жұмыс істейді. Жемқорлық жоқтықтан, олардың өзі жұмыссыз отыр. Бұл ел сонда табысқа қалай жетті? Сингапур Республикасының бірінші премьер-министрі Ли Куан Ю қызметке келгенде өзінің туыстарына шейін аямаған. Дарға асу, ату жазасына дейін қолданған. Бір қарағанда – бұл қорқынышты. Бірақ мемлекеттің мықты болуы үшін, жемқорлықты болдырмау үшін мұның өз әсері күшті. Сол жазалау алаңы әлі күнге сақтаулы. Өз басым сол жерді барып көрдім. Елде жемқорлық толық тоқтаған соң, әлгі жазаны алып тастаған. Әрине, біз ондай жазаны қолдана алмаймыз. Бірақ қатаң шаралар қажет. Ауыр жаза – адамды аяғын аңдап басуға мәжбүрлейді. Мысалы, кеңес үкіметі кезінде 1000 сом жымқырған азамат ату жазасына кесілетін. Мұның беті аулақ, әрине. Дегенмен пара алу немесе пара берудің ұсақ-түйекке дейін жетуі, оның балалар санасына сіңе бастауы жақсы нәрсе емес. Осыны жою үшін заңды күшейту керек. Қазір біз ел аралап жүрміз. Жұрт жемқорлықтан зәреzap болған. Сондықтан Nur Otan партиясының жемқорлықпен жанаша күрес бастау керектігін халық қолдап отыр.

Жазып алған Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Сөз-Жебе

Жәнібек
ӘЛІМХАНҰЛЫ,
кәсіпқой боксшы:

«Біреу мазақтаса, артымыздан сөз айтса, сынаса, жамандаса уайымға беріліп, оған жауап беріп, ашуланатын төмен деңгейде емеспіз. Қарсыласымның айтаң сөзіне, өзінің әлеуметтік желісінде Борат деп мазақтағанының жауабын рингте бердік. Өнерімді қарсыласым сияқты инстаграмда фоллоуерлердің алдында емес, рингте жанкүйерлерімнің алдында көрсеттім. Біз үшін маңыздысы осы. Жекпе-жек біткен соң қарсыласым келіп, сурет үшін арнайы кешірім сұрады. Қазақтың Борат емесігін, Қазақстанның Бораттағыдай емесігін түсінді. Қазақтың Боратқа еш қатысы жоқтығын жақсылап түсіндірдік».

forbes.kz

Баға

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ (теңге)

	АЛМАТЫ		ЖЕЗҚАЗҒАН		СЕМЕЙ	
	наурыз	тамыз	наурыз	тамыз	наурыз	тамыз
СӘБІЗ	98	160	102	170	105	150
ПИЯЗ	77	120	90	130	80	140
КАРТОП	86	100	100	120	110	130
КҮРІШ	318	350	330	360	350	360
ҰН	322	450	340	420	320	440

Дереккөзі: moa.gov.kz

Қызықтан қызықтары

ТАҒЫ ҚАНДАЙ ДӘЛЕЛ КЕРЕК?



Қостанай тұрғыны халыққа қызмет көрсету орталығына барғанда қызық жайтқа тап болды. Ол жүргізуші куәлігін ауыстыратын сәтте өзінің қайтыс болған адамдардың тізіміне еніп көткенін білген.

Қостанай облыстық мемлекеттік қызмет істері жөніндегі департаменттің баспасөз қызметінің мәліметінше, азаматтың ісі ерекше бақылауға алынған. Оған тиісті құжаттарды жинауға көмек көрсетілген.

Кеше Ақордада Мемлекеттік хатшы Марат Тәжиннің төрағалығымен «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссияның отырысы өтті. Отырыста бағдарламаны іске асырудың екі жарым жыл ішіндегі қорытындылары қаралды және алдағы



кезеңнің міндеттері талқыланды. Мемлекеттік хатшы Марат Тәжин бағдарламаның барлық бағыттары бойынша ауқымды жұмыс жүргізілгенін атап өтті. Айталық қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жұмыстары үкіметтің кезеңдік іс-шаралар жоспарына сәйкес жалғасуда. «Жаңа гуманитарлық білім» жобасы бойынша 48 оқулық қазақ тіліне аударылып, шығарылды. «Туған жер» жобасы бойынша 10 мыңнан аса меценаттың қатысуымен 1800 мәдениет, білім, спорт нысаны жаңадан салынып, 1,5 мың нысан қайта қалыпқа келтірілді. «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы бойынша тұңғыш рет қазақстандық поэзия мен проза антологиясы БҰҰ-ның 6 тіліне аударылып, жарыққа шықты. «Қазақстанның киелі географиясы» жобасы бойынша 28 тарихи нысан қайта қалыпқа келтіріліп, ауқымды ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізілді. «Отырар» және «Тамғалы» визит орталықтарының құрылысы аяқталуда. Осы секілді ондаған бастамалар баянды жалғасуда. Бұл жұмыстар ұлт рухын көтеру, құндылықтарын қайта қалпына келтіру және болашаққа қажетті рухани дүниелерді ретке келтіру бағытында іске асырылуда.

ҚҰНДЫЛЫҚТАР НАСИХАТТАЛА БЕРЕДІ

Біз осы орайда Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінің директоры Жандос Әубәкірден рухани жаңғыруға қалай үлес қосып жатқанын сұраған едік. Ол атқарылып жатқан шаруа жөнінде баяндап берді.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында рухани жаңғыру төңірегінде құнды ойлар айтылғаны белгілі. Әсіресе «Ұлттық сәт-дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс. Абайдың даналығы, Әуезовтің ғұламалығы, Жамбылдың жырлары мен Құрманғазының күйлері, ғасырлар қойнауынан жеткен бабалар үні — бұлар біздің рухани мәдениетіміздің бір парасы ғана» деген бір ауыз сөз бәрімізге канат бітіргендей болды.

Биылғы жылы 30 мамырда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылы Ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойын атап өту туралы Жарлығы шыққаннан бастап, Абайдың «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік тарихи-мәдени және әдеби-мемориалдық қорық-музейінде аталған мерейтойға байланысты әзірлік жұмыстары тағы да бір мәрте пысықталды. Музей кешенін, экспозициясын жаңарту, музей аумағын абаттандыру, жарықтандыру мәселелерін қолға ала бастадық. Мәдениет және спорт министрлігіне бюджеттік өтінімдер тапсырылып, Семейдегі бас музей мен Жидебайдағы Абайдың музей-үйін жаһандану



дәуіріне сай заманауи қондырғылармен жабдықтауға және дамытуға байланысты тұжырымдамалар әзірленуде.

1995 жылы Абай Құнанбайұлының 150 жылдық мерейтойы қарсаңында жабдықталған экспозициялық көрме залдарының мазмұнын сактай отырып, Абайдың өмірі мен шығармашылығы, ақындық айналасы мен өскен ортасы, заман туралы ойы мен қоғам хақындағы пікірі, жаратылыс пен адам және дін туралы философиялық толғамдарынан қысқа әрі мазмұнды мағлұмат беретін заманауи құрылғыларды орнату сияқты жұмыстар басты назарға алынууда. Алыс-жақыннан Адамзаттың Абайын тануға, дала данышпанын білуге құштарлық танытқан көрермендер мен келушілерге ыңғайлы және онтайлы жағдай жасау үшін барлық техникалық мүмкіндіктерді пайдалана отырып, жас буын өкілдерінің қызығушылығын тудыру мақсатында қыруар мұрат пен мүдде көзделіп отыр.

Хакім Абайдың 175 жылдық мерейтойы науқандық шара емес, әртүрлі бағытта, әртүрлі салада Абай мұрасын насихаттауды басты назарға алу болып табылады. Ол үшін тек музей ғана емес, республикалық, облыстық,

қалалық, тіпті аудан мен ауылдық деңгейдегі шаралардың манызы мен өту барысын жұртшылық пен қалың көпшілік дер кезінде құлағдар болу үшін ақпарат алмасуды, ақпарат тарату бойынша да жетілдіру жұмыстары жүргізілуде. Абай Құнанбайұлының мұрасына және ғибаратты ғұмыр жолына қатысты ақпарат беру үшін электронды өнімдердің сапасын арттыру, тілдік қажеттілік талабын өтеу сияқты жұмыстар бойынша керегін алып, қажетін тапса, бұл да Абай мұрасын насихаттаудағы үлкен жетістіктеріміздің бірі болмақ.

Жазғы демалыс кезінде және Абай атамyzдың 175 жылдық мерейтойы қарсаңында Абай музейіндегі жұмыстар қызу атқарылып жатыр. Семейдегі бас музейге келушілер саны жылдағыдан артпаса, кеміген жоқ. Келер жылы да халық назары Семейге, Абай музейіне, Сарыарқа даламыздың данышпандарын тудырған киелі мекенге ауатыны анық. Абай музейі ұжымының биылғы жылы атқарған жұмыстары келер жылы ауқымды шараға әзірлік деп қабылдауға болады.

Биыл музей қызметкерлерінің күшімен еліміздің көрнекті тұлғаларынан құралған бірнеше экспедиция мүшелерін қарсы алу, шаһарымыздағы мәдени мекемелермен бірлесе отырып, шаралар ұйымдастыру, Абайға және оның айналасына қатысты мерекелік даталарға байланысты мәдени-көпшілік шараларды өткізу жұмыстары қолға алынды.

Жазып алған Жолдасбек ӘШІМХАНҰЛЫ

ЭКОЛОГИЯ

Қоқыс полигондарының жайы күрмеуі қиын түйін болып тұр. Ол ең алдымен қоршаған ортаға зиян. Мәселен, сондай қалдық жиналған орынның бірі — Алматы облысының Үштөбе қаласынан 7 шақырым жерде. Жалпы аумағы 30 гектар жерді

алып жатыр. Оған жақын маңда үйлер орналасқан.

Полигон аумағынан 3 шақырым жерде күріш атызы бар. Нысан су қорғау белдеулері мен жер үсті су қоймалары аймағының шекарасынан тыс орналасқан. Сондықтан санитарлық талаптарға сай болмай тұр. Жыл сайын полигонға 8 мың тонна қалдық жиналады. Оның ішінде қағаздың 35%, шынының 3%, металл қалдықтарының 5,5%, пластмастың 4%-і ғана сұрыптауға жатады. Қалған қалдық көміледі. Өкінішке қарай, кәсіпорынды сумен жабдықтау үшін өзен суын пайдалану және ашық су қоймаларына көріз суын ағызу сияқты жұмыстар жүргізілмеген.

Мұның бәрі жуырда өткен Алматы облыстық экология департаментінің жанынан құрылған сараптау комиссиясының кезекті отырысында белгілі болды. Сонымен, сумен қамтамасыз ету Үштөбе қаласындағы орталық су құбыры желілерінен тасымалданады. Кәріздік ағындарды тазарту қарастырылмаған. Жылумен жабдықтаудың жылдық шығымы көп. Осы аталған келенсіздіктер экологиялық

кодекстің талаптарына мүлде үйлеспейді.

Мұндай қиын жағдай Көксу ауданындағы өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру полигонында да сақталып отыр. Полигон Көксу ауданына қарасты Балпық би ауылының шекарасынан 5 шақырым жерде. Полигонға жылына 9000 тонна қалдық жиналады. Алайда инженерлік қызметпен қамтамасыз ету, сумен

салқындату аланы, компрессорлық цех, тазартқыш қазан, өндірістік-энергетикалық блок, өрт сөндіру сорғы стансасы, койма, автотұрақ, әкімшілік ғимарат, тағы да басқа нысандар талапқа сай орналасқандай көрінеді. Алайда өндіріс орнының елді мекендерге жақын орналасуын ескерген экологтар «Аталған нысанның санитарлық ережелер мен талаптарға сәйкес санитарлық қауіптіліктің II



ҚАЛДЫҚ ЕСКЕРМЕУГЕ БОЛМАЙДЫ!

жабдықтау және көріз жүйелері ойдағыдай жұмыс істемегендіктен, тазалық жағы өте нашар. Бұл түйін бүгін шешілмесе, ертен кеш болуы мүмкін?

Еңбекшіқазақ ауданының Өрнек кентіне жақын елді мекенде орналасқан «Азия газ құбырындағы» жағдай да мәз емес. Аталған нысан Қазақстан-Қытай магистральдық газ құбырының ажырамас бөлігі. Компрессорлық стансасы негізгі жылу көзі ретінде 2800 кВт-тан 2 қазандық-утилизатор орнатылған. Жылу беру маусымы кезінде ыстық сумен қамтамасыз ету үшін жылу алмастырғыш пайдаланылады. Өндірістік энергетикалық блокта қосалқы дизель генераторы орналасқан ғимарат бар. Сырттай қарағанда, газды тазалау аланы, газды ауамен

сыныбына жататынын айтып отыр. Бұл жағдай бүгін шешілмесе, уақыт өте келе тұрғындардың өміріне қауіп төндіретін қатерлі жағдай орын алады. Газдан улану, өрт шығу сияқты оқыс жағдай болуы әбден мүмкін.

Кенеске жоғарыда аталған мекемелердің мамандары да шақырылып, нақты жағдай мен экологтардың қорытынды пікірі түсіндірілді. Сонымен бірге заңдық тұрғыда белгіленген уақыт аралығында аталған кемшіліктерді түзету тапсырылды. Егер көрсетілген талап орындалмаған жағдайда, оны қалыпқа келтірудің басқа да баламалы жолдары қарастырылатын болды.

Қажет АНДАС, Алматы облысы

Сұмдық қой!

Сыз тартқан төрт қабырға, бетон төбе, цемент еден. Ішergе асы, киерге киімі, жатарға орын жоқ. Сондықтан Мира Байтуғанова палатка құрып, отбасымен далаға түнеп жүр. Олар күн батпай жүрек жалғап, көш қарая төсекке құлайды. Себебі электр тогы тартылмаған. Суды туыстары қаладан аптасына бір рет көткізіп береді. Ал балалары мектепке дәйын емес. Тіпті күнделікті аяқ-киімі болмаған соң, жалаңаяқ жүруге мәжбүр.

БАСПАНА ТАУҚЫМЕТІ



Ақтөбе қаласының маңындағы «Строитель» бау-бақша ұжымын паналаған Сахтиндер отбасын табу қиынға түскен жоқ. Қаладан жүретін №43 маршрут «Сазды» су қоймасы аялдамасына апарады. Олан кейін жана құрылыс, ескі кирандының арасымен жүріп, көше асқанда сол жақтағы көк палатканы көруге болады. Біз барған кезде үйдің үлкені ыдыс-аяқ жуып, екі кішкентай ұл ойнап жүр екен. Ал анасы үй ішіне-кіріп шығып, әр нәрсені жинастырғандай болды. Бірақ төрт қабырғасы цемент кірпішпен қаланған, төбесі ауыр бетонмен жабылған бір бөлменің жинайтын жері де жоқ. Бір бұрышта көрпе-төсегі тұр. Киім-кешек те сол маңда. Кіреберісте — газ баллоны мен плита. Көзімізге ішер ас көрінбеді. Жайғасып отырып, мән-жайды білдім. Баксак, осы баспананы әкімдікке барып сұрап алған. Күйеуі де, әйелі де жалдамалы жұмысшы. Бір реттік жәрдемақы айналымға жетпей, көптен көмек сұрауға

мүлде далада қалып, біраз уақыт достарының үйін паналады. Дәл сол кезде әкімдікке баруға бел буған.

«Үлкен қызым 8-сыныпка, ортаншысы 4-сыныпка барады. Екеуі де мектепке дайын емес. Пәтерден шығып кеткен соң көпбалалы аналармен бірге әкімдікке бардым. Әкім Мавр Абдуллин бір күннен соң келуді сұрап, қабылдауында болдым. Қазір 6 сотық жер берді. Мұнда тек төрт қабырғасы тұрғызылған баспана бар. Бетон төбе жарылып тұр, құлап кетуі мүмкін. Қауіптеніп, далаға қонып жүрміз. Ал атаулы әлеуметтік көмек алуға тұрақты жұмыс керек. Балаларымды айдалада тастап кете алмай отырмын. Ал күйеуіме жұмыс табылмай тұр. Терезе салып, төбесін жабу керек. Үйге пеш салып, от жағуды жоспарлап отырмыз. Себебі бұл жерде газ жоқ. Тіпті жарық та тартылмаған. Суды сінлім аптасына бір рет жеткізіп береді. Жарық тартуға көршіммен келістім. Рұқсат беру үшін 25 мың теңге сұрады. Ал бау-бақша ұжымының төрағасы бағана дайындап бермек. Бірақ сым тарту жұмысы қанша теңгеге шығарын білмеймін», — дейді Мира Байтуғанова.

Бұл отбасы соңғы рет Құрбан айтта ғана ет жеп, сорпа ішті. Ал содан соң макарон тұрақты асқа айналды. Үйдің сәні болар мүлік те,



ары жібермей жүрген отбасы бір аптадан соң басталатын білім күніне балаларын дайындамаған. Мектеп былай тұрсын, үйге киер сүйретпелері де жоқ.

«Қарап отыр» демесін дегендей, Мира әңгіме арасында: «Өзім бай-манаптардың үйін жинап, 2-3 мың теңге аламын. Оның өзі бірде болады, бірде жоқ.

Ал күйеуім жол бойын торып, жұмысшы іздегендерді күтумен күн өткізеді. Ақша бірде бар, бірде жоқ. Ол тамаққа ғана жетеді. Үш балам бар. Үлкені — 12, ортаншысы — 9, кенжесі 4 жаста. Бұрын Ойыл ауданының Саралжын ауылында тұрған едік. Қалаға көшіп келгенімізге 7 жыл болды. Ауылдағы үйіміз су жиегінде болғандықтан құлап қалды. Содан балалар ауырып, қалаға көшуге мәжбүр болдық. Пәтер жалдаймыз, бес жыл бойы әр ауылда, шаруашылықта мал бақтық. Берген 60 мың теңгенің 40 мың теңгесіне азық-түлік алып, 20 мың теңге киімге жұмсалдық. Кейде мал өліп, жоғалса, жалақымыздан ұстап қалатын», — деді.

Отбасы пәтеракыны телеуге несие де алған. Қазір отағасы Нұрлыбек Сахтиннің төрт жыл бұрын алған 150 мың теңгесі — 380 мыңға, ал Мираның өзі үш жыл бұрын алған 200 мың теңгесі 245 мыңға өсіп кетті. Банктен несие ала алмаған кезде техника дүкенінен уялы телефон сатып алып, оны қайта сатып, пәтеракы төлеп келген. Ал бір ай бұрын

тұрмыстық жабдықтар, теледидар атымен жоқ. Ыдыс-ағы көшіп-қонып жүргенде сынып бітті. Өлместің күнін кешіп жүрген отбасы ертен не боларын, күз келгенде үйді қалай жылытарын білмейді. Қазір үй секілді шағын сарайдан дала көрінеді, төбесі сәл қозғалса, ортасына түсейін деп тұр. Ал Ақтөбе қалалық әкімдігі жер бердік, үйді өздері ретке келтірер деген пікірде. Біз қалалық әкімдікке хабарласып, қиындыққа тап болған отбасына қатысты мәселені сұраған едік. Сауалымызға қала әкімі баспасөз қызметінен төмендегідей жауап алдық: «Бір ай бұрын әкімнің қабылдауына келген. Үй құрылысына жер беру мәселесін қарастырып беруді сұраған. Жер берілді, рәсімдеу жұмыстары жүріп жатыр. Әрі қарай құрылыс жұмыстарын өз күшімен жүргізулері тиіс».

Күлетін жағдай, күн көре алмай отырған отбасы құрылысты қалай жүргізеді?

Алтынай САҒЫНДЫКОВА, Ақтөбе облысы

E-mail: jasqazaq2019@mail.ruwww.jasqazaq.kz**Өндіріс**

Біз «қара алтын» деп атайтын мұнайдың не екенін жақсы білеміз. Алайда одан тек жанар-жағармай өндіріледі деп ойлаймыз. Сөйтсек, ол біз ойлағаннан да маңызды екен. Жалпы өмірімізге қажетті заттардың көбісі мұнайдан алынады. Маңғыстау облысына жасаған сапарымызда, алғаш рет мұнайды көзімізбен көріп, оны өндіретін компанияның жұмысымен танысып қайттық.

Біздің сапарымыз қазақ мұнайының 120 жылдығы мен «Өзенмұнайгаз» компаниясының 55 жылдығына орай ұйымдастырылды. Алғашқы күні Жанаөзен қаласындағы «Өзенмұнайгаз» АҚ басшысымен кездесіп, аталған компанияның қызметімен, алға қойған міндеттері және жоспарымен таныстық.

Айта кетейік, «Өзенмұнайгаз» компаниясының тарихы өткен ғасырдың 60-жылдары «Өзен» кен орнының ашылуымен тікелей байланысты. Мұнда барлау жұмыстары алғаш рет 1959 жылы басталыпты. Ал 1961 жылы желтоқсан айының ортасында алғашқы мұнай алынған. Арала үш жыл өткеннен кейін «Өзен» мұнай-газ өндіру кәсіпорны құрылып, оны белгілі мұнайшы Рахмет Өтесінов басқарды.

Биыл аталған компанияға — 55 жыл. «Өзенмұнайгаз» компаниясы ашылғаннан бері 383 млн тонна мұнай өндірілді. Бүгінде компанияда 9 мыңнан аса қызметкер бар. 2014 жылы мұнай өндіруді арттыруға, жаңа технологияларды игеруге 6 млрд теңге қаражат бөлінді. «Өзенмұнайгаз» компаниясы өңірде мұнайдың шамамен 35 пайызын өндіреді. Өткен жылы компания 5 миллион 487 мың тонна қара алтын өндірсе, биыл оны 5 миллион 551 мың тоннаға дейін жеткізу жоспарлануда.

Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездескен «Өзенмұнайгаз» компаниясының бас директоры Есен Өтеев ұжымның жұмысымен таныстырып, алдағы жоспарларын ортаға салды. Ол: «Қазіргі таңда біздің компанияға қарасты 16 құрылымдық - өндірістік басқарма бар. Оның 4-уі мұнай және газ өндірумен айналысады. Ал өзге басқармалар қосымша қызмет көрсетеді. Кәсіпорын Өзен және Қарамандыбас кен орындарын игеріп, өндірісті модернизациялау жобасын іске асырып отыр. Соның аясында, жерасты

тарихымен таныстырды. Ол: «Киелі Маңғыстау өңірі туралы жиі айтылып жүр. Ең алғаш рет мұнай Жетібайдағы №6 скважинадан атқылады. Мұнайдың бар екені анықталғаннан кейін әрі қарай бұрғылау жұмыстары басталды. Әлі есімде, 1957 жылы Түпқараған мен Таушық



Жанаөзеннің тұңғыш бұрғышы Болатбай ҚАРАМҰРЗАЕВ

елді мекенінің аралығына қиыршық тас жол салынды. Мен ол кезде 16-17 жастағы бозбаламын. Ауылға бұрғылау қондырғылары орнатылып, 700 метр тереңдікке қазу басталды. Мен сол маңайда мал бағып жүретінмін. Жас адамның жаналыққа жаны құмар келетін әдеті емес пе?! Қолым қалт етсе, айналсоқтап сол жерде жүремін. Менің жиі келетінімді байқаған шебер Жанұзақ Қойлыбаев бір күні қасына шақырып алып, «шырағым, біз еріккеннен жер бұрғылап жүрген жоқпыз. Мұнай іздеп жүрміз. Бұйырғса, табамыз. Мұнай өндіру үшін бізге өзін сияқты жігерлі жас мамандар керек болады. Мал сонында босқа жүре берме. Оқып, білім ал!», — деп ақылым айтты. «Сабақты ине сәтіммен» демекші, сол жылы Доссордағы ағайынымыз үйдегі үлкен кісілерге көрісуге келе қойғаным. Мен сол кісімен ілесіп, Доссордағы №19 кәсіптік училищенен бір-ақ шықтым. 1959 жылы 6-дәрежелі бұрғышы көмекшісі мамандығын алып, елге оралдым», — деді.



жабдықтарын кешенді түрде жөндеуден өткізетін цех заманауи технологияның ірі жетістігі болып саналады. Мұндай кешенді жоба ТМД елдерінде алғаш рет жүзеге асырылды», — деді.

Кәсіпорынның басты құндылығы — адам капиталы. Кездесу барысында компания басшысы жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын да тілге тиек етіп, компанияның болашақтағы жоспарымен де бөлісті. Кездесуден кейін журналистерге өндірістегі қауіпсіздік ережелері таныстырылып, арнайы киім берілді.

Әрі қарай сапарымыз алғашқы ұңғының маңындағы ескерткіш жанында Жанаөзеннің тұңғыш бұрғышы Болатбай Қарамұрзаевпен кездесумен жалғасты. Қарасөзге шебер Болатбай ата мұнайлы өлкенің

пеште химиялық қоспалардың көмегімен парафиннен тазартылу үшін белгілі бір уақытта қайнатылады. Ыстық пештен алынған құбырдың іші-сырты жіті тексеріліп, жарамсыз жерлері кесіліп алынады. Осы кезде құбырларды белгілі бір құрылғының көмегімен кесіп жатқан цех қызметкері Бибігүл Иембергенованы өңімге тарттық. Ол: «Менің негізгі қызметім — құбырлардың жарамсыз бөлігін кесіп

алу. Күніне 20-30-ға жуық құбырды кесемін», — деді.

Ішкі және сыртқы бөлігі әбден тазартылған құбырлардың соңғы нүктесі — вакуумметр. Бұл құрылғының көмегімен құбырдың пайдалануға жарамды не жарамсыз екені тексеріледі. Жұмыс барысын қысқаша осылай түсіндіруге болады. Әсіресе бұл цехта дәнекерлеу, кесу жұмыстарымен нәзік жандылардың жұмыс істейтіні таң қалдырды. Жартылай автоматты құрылғының көмегімен өз жұмысын жіті орындап тұрған әйелдердің өз ісіне тынғылықтылығы қуантты.

Жерасты жабдықтарын диагностикалау және жөндеу цехынан кейін №1 мұнай-газ өндірісі басқармасының №83 топтық қондырғысының МФНУ-6000 сорабының жұмысымен танысуға келдік. Мұндағы құрылғының жұмысымен мұнай-газ өндірісі басқармасының өндіріс-техникалық бөлімі



Бибігүл ИЕМБЕРГЕНОВА

бастығының орынбасары Нұр Өсербаев таныстырды. Ол: «Негізгі жұмысымыз мұнайды өндіру. Ұңғымамен келген сұйықтықты өлшем қондырғыларына жіберіп,

арнаулы ыдыстарға құямыз. Бұрын мұнда 6 қондырғы болатын. Қазіргі таңда 2 дана жаңа мультифазалы сорап қойылды. Қазір 1 данасы бір жылдан бері үздіксіз жұмыс істеп тұр. Бұл сораптың ерекшелігі — электр энергиясын үнемдейді. Екінші құрылғы әзірге қосылған жоқ. Егер алғашқысы істен шығып қалса, қосалқы сорап іске қосылады. Бұл қондырғы мұнайды судан ажыратып, таза май алуға жіберіледі. Біз танысқан топтық қондырғы бір туәлікте 3200 м. куб сұйықтық беріп отыр. Ал одан 240 тоннадай таза мұнай өндіріледі», — деді.

Бүгінде «Өзенмұнайгаз» аса маңызды стратегиялық жобаларды іске асыруға бет бұрды. Компаниялар ұзақ мерзімді даму тұжырымдамасын жасады. Одан бөлек, өндірісті жаңғырту, мұнайшыларға қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік берілді. Іссапар барысында оған көзіміз де жетті. Өйткені биылғы жылдың басты жаңалығының бірі — көлемі 20 мың текшеметр су тұтындыру қазандығының құрылысы. Қазандықпен танысып, оның негізгі қызметі туралы арнайы мамандардан білдік. Қазандықтың басты қызметі — мұнай өндіру қондырғыларынан

жеткізілетін мұнай-су эмульсиясын термохимиялық өңдеуден өткізу. Яғни мұнайдан суды бөліп, шикі мұнайды орталық сорғы стансасына тасымалдайды. Сонымен қатар өндірілген суды басқарма жүйесіне артық қысыммен шығарады.

Ағынды суларды тазарту жалпы әдіспен жүзеге асырылады. Мұнай өнімділігін арттыруға он әсер беретін қазандықтағы суды тұндыру уақыты 8 сағат. Құрылыс жұмыстарын жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Сапарымыз Ақтау қаласындағы «CASPI BITUM» кәсіпорнында жалғасты. Аталған мекемеге 2009 жылы құрылған. Зауыт заманауи құрылғылармен

жабдықталған. Жылына 1 миллион тонна мұнайды қайта өндіре алады. Бұл кәсіпорынға мұнай «Қаражанбас» кен орнынан жеткізіледі. Өйткені осы кен орнының шикізаты техникалық сипаты жағынан жоғары сапалы битум өндірісіне ең қолайлы екен. Бүгінгі таңда кәсіпорын жоғары сапалы битум өндіреді. Төрт жыл ішінде мұнай бойынша жүктемесі 80 пайыздан асады. Мысалы, өткен жылы 750 мың тонна жоспар кезінде 819 мың тонна мұнай өндірілді.

Бүгінде жол битумына деген ішкі нарықтың сұранысын отандық өндірушілер түгелдей өтеуде. Былтыр зауытқа тиесілі нарықтың үлесі 37 пайыз болды.

Маңғыстау өңірі — мұнайға бай өлке. Ал мұнай — киелі Маңғыстаудың қазынасы. Мұнайды өндіріп, ел игілігі үшін қызмет етіп жатқан әрбір азаматтың еңбегі зор. Сапар барысында мұнай өндірудің қаншалықты қиындығына,

төзім мен жігерді, шыдамдылықты талап ететін жұмыс екеніне көз жеткіздік.

Макпал НОҒАЙБАЕВА,
Jas qazaq gезетінің арнаулы тілшісі,
Алматы — Ақтау — Алматы

Осы ғой енді...

Жолдың жайын жүрген біледі. Инвестиция және инфрақұрылымдық даму министрлігі автомобильдер жолдары комитетіне қарасты

«Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» Ақмола облысы аумағында, нақтырақ Нұр-Сұлтан қаласының іргесіндегі Қосшы ауылындағы көшелердегі жөндеу жұмыстарымен танысып, құрылысқа жұмсалатын материалдар сапасын тексерді. Тексерушілер құрамында Jas qazaq газетінің де тілшісі болды.

ЕСКЕРТУ ДЕ ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛҒАН

Жол сапасын тексерушілер алдымен Тұран және Сүйінбай көшелерін аралады. Сүйінбай көшесін тексеру кезінде асфальттың шытынағаны бірден көзге түсті. Одан әрі орталық қызметкерлері осы көшеден жол жамылғысынан сынама алып, көптеген кемшілікті анықтады. Мәселен, жолдың табанына цемент құйылмаған.



Жол қабатының қалыңдығы да талапқа сай емес. Бұдан да өзге кемшіліктер кездескен. Мұның бәрі тексеру кезінде белгілі болды.

Одан кейін Тұран көшесіне өттік. Бұл нысанға «Компания АИС - Астана» ЖШС жауапты болып шықты. Бүгінгі тексерілген көшелердің жалпы саны — 12 көше. Жобаның құны — 2 млрд теңге. Осыған дейін орталық осы көшелерден 60-тан астам сынама үлгісін зертханада тексеріп, 13 материалдың жобалық талаптарға сәйкес келмейтінін анықтаған. Енді тексеру барысында кездескен

бірнеше өрескел ескертуге тоқталсақ:

Біріншіден, табиғи қиыршық тастың орнына ұсақталған құм салынған. Екінші — жол жиегі мен арықтардың салынуы жоба талаптарына мүлде сай емес. Үшінші — ортаңғы және жоғарғы қабат арасында қоспалар салынбаған.

Жол сапасын арттыруға негізделген 20-дан астам ескерту мердігер ұйым тарапынан күні бүгінге дейін ескерусіз қалып отыр. Сондай-ақ мердігер компания

Республика көшесінде 640 метрге жөндеу жұмысын жүргізу керек болған. Алайда тек 440 метрге ғана асфальтобетон салған. Құжат бойынша барлық қаражат игерілген.

«Жол активтері ұлттық сапа орталығы» бас директорының міндетін атқарушы Зәмір Сағынов қоғам белсенділерімен ұйымдастырылатын рейд алдағы уақытта еліміздің барлық аймағында да жалғасатынын айтты.

Ғабиден ДОСЖАН,
Ақмола облысы

БАЛАҒА МЕКТЕП СӨМКЕСІН ҚАЛАЙ ДҰРЫС ТАҢДАУ КЕРЕК

ДӘРІГЕРЛЕР МЕКТЕП СӨМКЕСІН ТАҢДАУ КЕЗІНДЕ МЫНАҒАН НАЗАР АУДАРУҒА КЕҢЕС БЕРЕДІ:

МЕКТЕП СӨМКЕСІНІҢ КӨЛЕМІ МЕН САЛМАҒЫ БАЛАНЫҢ БОЙЫ МЕН ЖАСЫНА СӘЙКЕС КЕЛУІ ҚАЖЕТ.

СӨМКЕНІҢ САЛМАҒЫ КІТАП-ДӘПТЕРЛЕРДІ ҚОСПАҒАНДА 1 КЕЛІДЕН АСПАУЫ КЕРЕК ЖӘНЕ БАЛАНЫҢ ӨЗ САЛМАҒЫНЫҢ, ЕҢ КӨП ДЕГЕНДЕ, 10% ҚҰРАУЫ ТИІС

СӨМКЕ ТҰТҚАСЫНЫҢ ҰЗЫНДЫҒЫ РЕТТЕЛУІ ТИІС,

СӨМКЕНІҢ АРҚА ЖАҒЫ ҚАТТЫ ОРТОПЕДИЯЛЫҚ БОЛУЫ КЕРЕК. ИЫҚБАУЫ КЕҢ БОЛҒАНЫ ДҰРЫС

ЖАРЫҚ ШАҒЫЛЫСТЫРАТЫН БӨЛШЕКТЕРІ БОЛҒАНЫ ЖӨН. ЖҮРГІЗУШІЛЕР ҚАРАҒЫ КЕЗДЕ ЖОЛДЫ КЕСІП ӨТІП БАРА ЖАТҚАН БАЛАНЫ БІРДЕН БАЙҚАЙДЫ

Бір оқулықтың салмағы
1-4 сынып оқушылары үшін
300 граммнан аспауы керек
5-6 сыныптар — 400 грамм
7-9 сыныптар — 500 грамм
10-12 сыныптар — 600 грамм



Дереккөзі: inform.kz

Жаңа оқу жылының басталуына санаулы күн қалды. Ата-аналардың қаракөздерін мектепке дайындайтын шағы. Олардың бірі – білім ордасының табалдырығын енді аттаса, енді бірі мектепке дейінгі дайындау орталықтарына бармақ. Әсіресе қарбалас тіршілік ел астанасында айқын байқалады. Бәрінен қызығы, Нұр-Сұлтан қаласында жалпы саны қанша оқушы бар? 1-сыныпқа қанша ұл-қыз барады? Дайындық мекемелерінің жағдайы қандай? Күзгі оқу маусымына мемлекеттік мекемелердің дайындығы мен атқарып жатқан жұмысы жөнінде, қалалық білім басқармасының басшысы Әнуар Жанғозинмен сұхбаттастық.

Жас қазақ: Әнуар Канатұлы, қазір жұрттың мектепке қызу дайындалып жатқан шағы. Ал Елордадағы мектептер алдағы оқу жылына сақалай сай ма?

Ә.Жанғозин: Жаңа оқу жылы қарсаңында ең өзекті тақырыптың бірі — білім беру ұйымдарында жөндеу жұмыстарын жүргізу және оны уақытында аяқтау. Бүгінгі таңда Нұр-Сұлтан қаласында бұрын-соңды болмаған жұмыс жүріп жатыр. Осыған дейінгі жылдары жазғы маусымда негізінен 2-3 мектеп қана жөндеуден өтсе, биыл 34 нысанға күрделі жөндеу қажет болды. Нақтырақ айтар болсақ, бастан-аяқ ескірген терезелерді ауыстыру, шатырларын қалпына келтіру, ішкі дәліздері мен бөлмелерді ақтау, кафеель жапсыру секілді күрделі жөндеу жұмыстары жүзеге асырылуда. Жалпы, қазір барлық жұмыс белгіленген кестеге сәйкес жүргізілуде. Мерзімінен кеш қалып жатқан мекеме жоқ. 34 мекеменің 8-і күрделі жөндеуден өтуде. Бұл жұмыстар аяқталуға да жақын қалды. Алдағы оқу жылы басталғанша бәрі аяқталады деп ойлаймын.

Әнуар ЖАНҒОЗИН:

«8 МЫҢ БАЛАҒА СЕРТИФИКАТ БЕРІЛДІ»



Қазірдің өзінде білім мекемелерінің 90 пайыздан астамы дайын. Бұл жұмысқа ата-аналар қауымы да айтарлықтай көмектесіп жатыр.

Жас қазақ: Сонда 34 мектеп уақытында жөндеуден өтпеген бе? Биылғы көрсеткіш бұрынғысынан неге көп?

Ә.Жанғозин: Негізгі 34 мектептің бәрі күрделі жөндеуден емес, орта деңгейлі жөнделетіндері де бар. Сөз ыңғайы келгенде айтайын, Елордадағы білім беру ғимаратының басым бөлігі астанамыз арқа төріне қоныс аударғанға дейін салынған. Яғни 90-ға жуық білім нысаны өткен ғасырда тұрғызылған. Сол себепті биыл жөндеу жұмыстары ауқымды. Бұған қоса, сол 90-ға жуық нысанның арасында мүлде жарамайтын ғимараттар да бар. Қазір соларға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Алдағы жылы 14 нысанда жүргізілетін күрделі жөндеуге арналған жобалық-сметалық құжат дайын. Жыл сайын бұл көрсеткіш артады. Қанша дегенмен оқушылардың қауіпсіздігін сақтау — басты міндетіміз.

Жас қазақ: Арқа төрінде қыстың қатты болатыны белгілі. Астаналық мектептер жылыту маусымына дайын ба?

Ә.Жанғозин: Жылыту маусымына дайынбыз. Жакында қалалық отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Ербол Төлеуов 173 білім беру нысанының 164-і дайын екенін мәлімдеді. Салқын түскенше бәрі дайын болады. Уәде солай.

Жас қазақ: Кейбір мектептің ішіне кірсек, өткен ғасырды көз алдымызға әкелгендей әсерде қаламыз...

Ә.Жанғозин: Иә, ол рас. Жаңа айтқанымда сол. Кей мектептерде ондай жағдай кездеседі. Мәселен, дәліздері ұзыннан ұзақ әрі тым кең болса, сыныптың іші оқушылар үшін тарлық етіп жатады. Олар ескі жобамен салынғандықтан жағдай солай. Егер бұл мектептерді бұзып тастасақ, басқа білім ордаларына балаларды сыйғыза алмай қиналамыз. Сондықтан ескі оқу орындарын жыл сайын жөндеуден өткізіп, кей тұстарын қайта қалпына келтіреміз. Яғни дәліздерді кішірейту арқылы сыныптарды кеңейтіп жатырмыз.

Жас қазақ: Астанада мектептің біраз бөлігі көне болса, олардың қазіргі саны қаншаға жетті? Қаншасы мемлекет меншігінде?

Ә.Жанғозин: Қазіргі уақытта ұзын саны 108 мектеп бар. Оның 86-сы мемлекеттік орта білім мектептері. Сондай-ақ бір кешкі мектеп бар. Ал қалғаны жекеменшік және республикалық деңгейдегі оқу орындары.

Жас қазақ: Кешкі мектептер қалай жұмыс істейді? Қажеттілік неден туындады?
Ә.Жанғозин: Әңгіме №39 мектеп туралы. Мектеп балаларды кешкі ауысымды оқытады. 8-11 сынып аралығындағы оқушыларға ғана арналған. Оның ашылуының өзіндік себептері бар. Мәселен, отбасындағы жағдайға байланысты күндіз оқи алмайтын оқушылар болады. Бұл соларға арналған. Оқушылардың арасында мүлдем мектепке бармағандары да, тіпті үлкен кісілер де бар.

Кешкі мектеп аталғанмен оқушылар түннің бір уағына дейін оқымайды. Дәрістер екі ауысымнан тұрады. Оның алғашқысында 9 және 11-сыныптар оқыса, екінші ауысымында 8 және 10-сынып оқушылары білім алады.

Жас қазақ: Ел астанасында орналасқан 108 білім ордасының ішінде қанша мектеп үш ауысымда оқытады? Түйткілді мәселелер қалай шешіліп жатыр?

Қала мектептеріне биыл 22-23 мың оқушы 1-сыныпқа барады десек, біз кітап санын 24 мың дана артығымен алдық.

Ә.Жанғозин: Биылғы жағдай әзірге оқушылар санының нақтыланбағанына байланысты белгісіз. Ал өткен оқу маусымында 5 мектеп үш ауысымды режимде білім алуға мәжбүр болды. Биыл 5 мектептің 2-інң мәселесі толық шешілгелі тұр. Себебі 1-еуінің қасынан қосымша

бір мектеп ашылды. Ал екіншісінің жанынан қосымша құрылыс жүргізіліп, ғимараттың аумағы үлкейді. Қалған үш мектеп ауласынан да қосымша құрылыс жүргізілуде. Оқу маусымы қарсаңында олардың бәрі іске қосылады. Осылайша үш ауысымды мектептердің мәселесін реттеп жатырмыз. Оқу жылының соңына дейін үш ауысымды мектептің бәрінен құтыламыз деп ойлап отырмыз.

Бір айта кетерлігі, оқушы санының тым көптігіне байланысты орын болмай жатқан мектептер де бар. Олардың көбі қаланың сол жағалауында орналасқан. Бұл оқу орындарының түйткілін келесі жылы іске қосылатын мектептер арқылы шешіпкізді. Сол сияқты ата-аналармен ақылдасып, сол манайға жақын тұстардағы мектептерге ауысуын ұсынып отырмыз. Бір сыныпта 35 оқушыдан артық болса, мұғалім олардың бәріне үлгермейді. Бұл өз кезегінде білімнің деңгейіне де әсер етеді.

Жас қазақ: Елорда тұрғындарының саны қазір 1 миллионнан асты. Алайда 108 мектеп жеткілікті ме?

Ә.Жанғозин: Ел астанасында осыдан 10 жыл бұрын, яғни 2009 жылы оқушылар саны 74 мың болатын. Қазір олардың саны екі жарым есеге артты. Біздің қазіргі жорамалымыз бойынша 1 қыркүйек күні 184 мың оқушы мектепке барады. Шыны керек, мұндай көрсеткішке жетеміз деп ойлаппыз. Елордалықтар саны 1 миллионға тек 2023-2024 жылдары ғана жетеді деп жоспарланған. Алайда көрсеткіш тез орындалды.

Енді айтарым, Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі 2023 жылға дейінгі шағын құрылыс жөніндегі кешенді жоспар жасаған. Сол жоспардың ішінде 37 мектеп пен қосымша 10 құрылыстың жобасы бекітілген. Оның бәрі 2023 жылға дейін салынады. Ал оның ішінде 2 мектеп пен 1 қосымша құрылыс аяқталды. Қазір 9 мектеп пен 9 қосымша құрылыс бой көтерді. Оның бәрі 2020 жылы аяқталып, қолданысқа беріледі.

Жас қазақ: Бұл қозғал отырған мәселеміз мемлекеттік бағдарлама арқылы жүзеге асырылады. Ал жеке кәсіпкерлердің есебінен мектеп ашу жоспарда бар ма?

Ә.Жанғозин: Бұл мәселені жақында Нұр-Сұлтан қаласының әкімі де көтерді. Инвесторлар бас қаламызда 11 жекеменшік мектеп салуға ниет білдіріп отыр. Ал инвестиция көлемі 27,6 млрд теңгені құрайды. Әзірге осы бағытта жұмыстар



Ел астанасында осыдан 10 жыл бұрын, яғни 2009 жылы оқушылар саны 74 мың болатын. Қазір олардың саны екі жарым есеге артып отыр. Біздің қазіргі жорамалымыз бойынша 1 қыркүйек күні 184 мың оқушы мектепке барайын деп отыр. Шыны керек, мұндай көрсеткішке жетеміз деп ойлап көрмеппіз. Елордалықтар саны 1 миллионға тек 2023-2024 жылдары ғана жетеді деп жоспарланған. Ал біз ол көрсеткішті 2017 жылы орындап тастағанбыз.

атқарылып жатыр. Қалғанын уақытында хабарлаймыз.

Жас қазақ: Колданыста бар 108 мектепте дарынды оқушыларға арналған қанша мекеме бар? Ал қазақ тіліндегі, орыс тіліндегі немесе аралас мектептің саны қанша?

Ә.Жанғозин: Мемлекетке тиесілі 86 мектептің ішінде 5-еуі дарынды балаларға арналған. Олар — «Білім-Инновация» лицейі, «Дарын» мектебі, ағылшын тілінде оқытатын «Astana

English School» және «Зерде». Сонымен қатар 4 гимназия, 25-і мектеп гимназиясы, 23-і мектеп-лицей және 25-і орта мектеп бар. Бұдан бөлек, 4 кешенді оқу ордасы бар. Яғни оның құрамында мектебі де, балабақшасы да бар. Оның ішінде 2-еуінің мектебі 11-сыныпқа дейін білім берсе, екеуі тек бастауыш сынып оқушыларына ғана арналған. Бізде қала бойынша аралас мектеп басым. Нақты айтсақ, 33 қазақ тілді, 12 орыс тілді және 41 аралас мектеп бар.

Жас қазақ: Алдын ала болжам бойынша Елорда мектептерінде 1-сыныпқа қанша оқушы келуі мүмкін?

Ә.Жанғозин: Биыл оқушылар саны әдеттегіден көп. Биыл 1-сыныпқа 20 мыңнан аса оқушы келетіні анық. Себебі қазірдің өзінде 19 мың бала электрондық жүйе арқылы тіркелді. Бірақ бұл көрсеткіш күн санап артып барады. 1 қыркүйек күні шамамен 22-23 мың бүлдіршін мектеп табалдырығын алғаш рет аттайды.

Жас қазақ: Ал оқушылар саны жеткілікті ме? Алдағы оқу жылында кітап тапшылығы болмай ма?

Ә.Жанғозин: Қала мектептеріне биыл 22-23 мың оқушы 1-сыныпқа барады десек, біз кітап санын 24 мың дана артығымен алдық.

Айтарлығы, баспалардың бәрі Алматы қаласында орналасқан. 17 баспа үйімен келісімшарт жасастық. Соған сәйкес, оқулықтар астанаға жеткізілді. Енді оларды оқушы санына байланысты мектептерге тарату жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жоспар бойынша 25 тамызға дейін қаладағы мектептің бәріне тиесілі кітап үлестіріледі. Оқу жылында кітап тапшылығы болмайды деген ойдамын.

Жас қазақ: Көпбалалы немесе әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардан шыққан шәкірттерге қандай көмек көрсетіледі? Көмек алатын балалар саны артты ма?

Ә.Жанғозин: Біз көпбалалы немесе әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушыларды ешқашан назардан тыс қалдырған емеспіз. Жалпыға бірдей міндетті оқу аясында Президенттің тапсырмасы бойынша Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі аталған отбасылардан шыққан 7000 балаға мектеп формасы мен кеңсе тауарларын сатып алу үшін 200 миллион теңгеге дейін қаражат бөліді.

Елорда әкімдігі «Атамекен» кәсіпкерлер палатасымен ынтымақтаса отырып, көпбалалы немесе әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан әр оқушыға мектепке қажетті құрал-жабдықтар сатып алу үшін арнайы сертификаттар 8000 оқушыға артығымен табысталды. Бұл іс-шара Елорданың бірнеше тұсында ұйымдастырылды. Осындай игілігі мол істе біз отандық компанияларға да қолдау көрсетуді жөн көрдік. Сол күні отандық жеті компания өз өнімін ұсынды. Бұған дейін көрсетілетін әлеуметтік қызметтерге ата-аналардың шағымы көп түсетін. Сондықтан, біз оның жаңа тетігін ойлап таптық. Жаңа жүйе балаға қажет керек-жарақтарды ата-ананың өзі таңдайтындығымен тиімді. Өткен жылмен салыстырғанда көмек алушылар саны да бірнеше есеге көбейді. Былтыр жалпыға бірдей міндетті оқу қоры бойынша 1674 оқушыға тиісті көмек көрсетілген. Бірақ оқу жылының соңына дейін бұл көрсеткіш екі жарым есеге жуық артып, 3803 оқушыға өсті. Ал қазіргі уақытта олардың саны 6600-ге жетті. Оқушыларға мектеп формасы мен оқуға қажет құрал-жабдықтарынан бөлек, тегін ыстық тамақ бұрын да беріліп келген. Сол сияқты, жазғы сауықтыру лагеріне жолдама, мәдени және спорттық іс-шараларға қатысу мүмкіндігі қарастырылған. Сондай-ақ қалалық мәслихат шешімі негізінде қосымша көмек ретінде жол жүру картасы толықтырылып отырады.

Жас қазақ: Енді әңгімеміздің ауанын мектепке дайындау мекемелеріне бұрсақ. Қазіргі уақытта қала бойынша қанша мекеме бүлдіршіндерді мектепке дайындайды?

Ә.Жанғозин: Қалада мектепке дайындайтын 43 шағын орталық бар. Оның 16-сы балабақшада орналасқан. Олардың бәрі бүлдіршіндерді 4 жастан бастап қабылдап, оқытады. Бүгінгі уақытта сол орталықтарда 1000-нан астам орын бос тұр. Онда бүлдіршіндерді қабылдау жұмыстары жүріп жатыр. Егер ата-аналар балаларын 0-сыныпқа орын табылмағандықтан, дер кезінде оқыта алмай қалса, осы орталықтарға бере алады. Мемлекеттік болғаннан кейін ол жерлерде қызмет тегін көрсетіледі. Ал оқушылар күніне 4 сағат білім алады. Сыныптар мектептегідей жабдықталған. Білім деңгейі де төмен емес. Онда тіпті бастауыш сыныптың ұстаздары да сабақ береді. Ал жолдаманы электронды түрде алуға болады. Сол себепті ата-аналар баласын осы орталықтарға беруіне болады.

Жас қазақ: Уақытыңызды бөліп, сұхбаттасқаныңызға көп рахмет!

Ғабиден ДОСЖАН,
*Нұр-Сұлтан қаласы бойынша
меншікті тілші*

«АРУЛАРҒА АЛДАНҒЫМ КЕЛМЕЙДІ»

дейді сұрбойдақ жігіт

Ұзын бойлы, денелі, сымбатты келген жігіт көлік тосып тұр екен. Тоқтадым. Мінезі ашық, әңгімешіл, әдемі өзіл де айта біледі. Артқы орындыққа отырысымен сөз бастады.

— Аға, өмір деген қызық. Бір қызбен танысуға келіп едім, қашып құтылдым. Темекі тартады, бір бөтелке сыра алдырып ішті. Менің ойым — жақсы қызбен танысып, жар ету. Ал мынадай қыздан құдай сақтасын! — деді салған жерден.

Оның айтуынша, көп жігіттердің үйленбей жүргені айналасындағы қыздардың жат әдетін байқап қалатындықтан екен. Осы жағдайды тілге тиек еткен Айбек (*есімі өзгертіліп алынды*): «Қазір кез келген қыз-келіншекке сенбеймін. Қазіргі қаракөздер қалтаңдағы қаражатына, қызметіне қарап қадам жасайды. Олар дайын үйге барғысы келеді. Өздері келін болуға дайын ба? Бұл жағын ойлай бермейді. Арулардың бәріне күйе жағуға болмайды. Тексіз текентекер еркектердің арасында да жетерлік қой. Бірақ қазіргі қазақ қыздары тым есіріп кеткен секілді. Анқау басым-ай, соларға көп алдандым», — деп, өмірінде алданған сәттеріне өкінетіндігін айтты.

Расында алданудан асқан азап жоқ. Ол отбасы болып бастарынан өткерген бір оқиғаны да баяндады. Бұдан біраз жыл бұрын анасы дүниеден өтеді. Үш баламен қалғыз қалған әкесінің алпысқа дейінгі өмірі екі ұл, бір қызды тәрбиелеумен өткен. Сөйтіп жүріп, «Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай», әрқайсысын бір-бір үй етсем» деген асыл арманына жетеді. Бірақ дүние құм секілді емес пе, сусып ұсыныда тұрмайды. Ер жеткен ұлы да, бойжеткен қызы да теңін тауып, тұрмыс қамымен қалаға кетеді. Ал алпыстан асқан азамат үшін ауылдан артық мекен болмасы анық. Туған жер, қасиетті қара шаңырақ кіндігін байлап қойған. Күндердің-күнінде «Жалғыздық Құдайға ғана жарасқан» деген тәмсілге тоқтаған ұл-қызы әкелеріне жар тауып беруге келіседі. Алғашында «Керегі жоқ, картайдым» деп қашқақтаған отағасы бірнеше айдан соң, «тізе жылытар керек екен» деп үлкен ұлымен ой бөліседі. Тіпті танысқан адамы да бар көрінеді. Сөйтіп, бұрын тұрмыста болған, бір баласы бар Балжанды (*есімі өзгертіліп алынды*) үйге кіргізеді. Алайда жастау әйелдің бар ойы қалаға көшу болған сынайлы. Шалын күндіз-түні шыр айналдырса да, Айдархан ауылдан кетпейтінін нықтап айтады. Осыны сезген кербез келіншек отағасына банктегі біраз қаражатын, несиеге алдырып, ақыры тайып тұрады. Онымен қоймай «сенен аяғым ауыр» деп ақша талап етеді. Әкелерінің бала сүйегіндігін естіген ұлдары мен қызы қуанып, оларға қаладан үй алып беруге де келіседі. Бірақ азаматтың ақшын айран қылған бір ғана нәрсе еді. «Бала менен бе, әлде өзгенен бе?» деген сауал мазалайды. Ақыры марқұм бөйбішесінің орнын баса алмаған әйелден бас тартады.

Қазір бақытын басқа жактан тапқан Балжан Айдарханнан (*есімі өзгертіліп алынды*) алимент алып тұрады екен. Жасы жетпіске жакындағанда ағайын арасында әңгімеге қалған азамат қалған ғұмырында алименттен мүлде құтыла алмай өтері анық. Әдепсіз әйелдің бүлігі өнегелі өмір сүрген бір кісінің тағдырын талқан етті. Осыдан кейін қыз-келіншектердің бойынан амалсыз адалдықты, имандылықты іздейсін. Осы төніректе ой қозғаған бейтаныс жігіт:

— Аға, Боралдай жактан үй салып жатырмын. Бұйырса, келесі жылы өз үйімде отырамын. Әкемді көшіріп әкелемін. Үйде сұрбойдақ жүрген мен ғана. Туыстардан, достарымнан да ұят болды. Бәрі бойдақтығымды бетіме басады. Бірақ қыз табу қиын болып тұр, — деген ол қыздарды тәртіпке шақыртып бір шара ұйымдастыру керектігін айтты.

Қызық, сонда не істеу керек? Бұл сұрақ бөрімізді ойландыратын жағдайға жеткенін шын мәнінде сезбей қалған секілдіміз.

Осы оқиға өзгелерге ой салар деген ниетпен жазып отырғанда аруларға қатысты тағы бір шу шықты. Жамбыл облысының полиция департаменті бірнеше рет сотты болған Айгүл Ниязоваға іздеу салыпты. Сонда ол не бүлдіріпті дейсіз бе? Айтайық. Ол егде жастағы жалғыздікті ер адамдардың сеніміне кіріп, қалған некеге отыруды әдетке айналдырған. Мықтап орнықтап алған соң «туыстарын жұмысқа орналастырамын» немесе «мемлекеттік бағдарлама бойынша тұрғын үй аламыз» деген желеумен ақша сұрауға әдеттенген. Алаяқ әйелді полиция тапқанша, оның тағы қанша адаммен некеге тұрып, қаражатын қымқырып кеткенін бір Алла біледі.

Жолдасбек ДУАНАБАЙ



Бағдар

2017 жылғы 12 желтоқсанда үкімет қаулысымен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бекітілгені белгілі. Оның негізгі мақсаты – цифрлық технологияларды пайдалану арқылы ел экономикасының даму қарқынын жеделдету және халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, цифрлық экономиканы құруды қамтамасыз ететін түбегейлі жаңа даму жолына көшіру үшін жағдай жасау. Былтырдан бері іске асырыла бастаған осы саладағы ауқымды жұмыстар қазір өз жемісін бере бастады. Бұл тұрғыда Түркістан облысында жүзеге аса бастаған цифрландыру шаралары өзге аймақтарға үлгі боларлық.

ҚЫЗМЕТ ТҮРІ КЕҢЕЙДІ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Түркістан облысы бойынша



филиалының құрылғанына әлі бір жыл толған жоқ. Соған қарамастан, мемлекеттік қызметтің барлық түрін көрсетуде. Бүгінде мемлекеттік корпорация мемлекеттік тізімдегі 742 қызметтің 635-ін көрсетіп отыр. Оның 532-і электрондық үкімет порталы арқылы қолжетімді. Облыс бойынша 25 фронт-офис, 34 бөк-офис, мамандандырылған ХҚО-ның 2 секторы, 1 көші-қон қызмет орталығы бар. Онда барлығы 1251 маман қызмет істейді. Олар тұрғындарға мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сай, сапалы қызмет көрсетіп келеді. Бүгінде фронт-офистерге күніне 7-8 мыңға жуық азамат қызмет алу үшін жүгінеді.

Халыққа ыңғайлы жағдай туғызу үшін Жетісай аудандық бөлімі, Ордабасы ауданына қарасты Шұбарсу елді мекеніндегі бөлім және Түркістан қалалық №1 бөлімі жаңа ғимараттарға көшірілді. Аймаққа келген енбек мигранттарына «бір терезе» қағидаты бойынша қызмет көрсететін «Көші-қон қызметтері орталығы» ашылды. Осы төңіректе ой қозғаған «Азаматтарға арналған үкіметтің» облысы бойынша филиалының директоры Ержан Жәнісбеков: «Биылғы 7 айдағы көрсеткіштеріміз қуантарлық. Жыл басынан бері филиал арқылы 1961101 миллион мемлекеттік, әлеуметтік төлем бойынша 60 мыннан аса қызмет көрсетілген. Жер шаруашылық жұмыстары бойынша қызмет 150 пайызға орындалды», — деді.

Барлық фронт-офистерде мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арнайы жағдай жасалған. Автокөліктер үшін автотұрақтар, пандустар, мүгедектерге арналған көтеру құрылғылары, шақыру қонғауы қарастырылған. Сонымен қатар арнайы қабылдау үстелдері, көрсеткіш жазулары, сурдоаудармашылар, брайль әріптерімен таныстыру тақталары, жол сілтеуші құрылғылар қойылған. I және II топтағы мүгедектер үшін үйіне барып қызмет көрсету жұмысы ұйымдастырылған.

Шалғай елді мекендерде мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында есепті мерзімде мобильді халыққа қызмет көрсету орталықтарымен 482 рет шығу жүзеге асырылып, 16 204 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

«Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы 2020 жылға қарай мемлекеттік қызметтердің 90 пайызы онлайн түрде қолжетімді болуын көздейді. Осы орайда, мемлекеттік корпорациямен халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру бойынша ауқымды жұмыстар атқарылууда. Өздеріңіз білесіздер, электрондық цифрлық қолтанбаныз болса, кез келген қызметті, анықтаманы ХҚО-ға келмей-ақ, онлайн алуға болады. Ал қазір телеграммобильді қосымшасындағы Egovkzbot арқылы 25 қызмет қолжетімді. Бүгінде электрондық цифрлық қолтанбаны рәсімдеуге келген азаматтарға мамандар электронды үкімет порталын пайдалануды, mGov қосымшасы, телеграмдағы egovkzBot-пен жұмыс істеуді үйретіп жатыр. Орталыққа кез келген қызмет алушы цифрлық қызмет көрсету мүмкіндіктерін мнгере алады.

Түсіндіру-оқыту жұмыстары адам көп шоғырланатын жерлерде — сауда орталықтарында, автокөлік базарында, мемлекеттік және жеке мекемелерде жүргізіліп жатыр. Облыс бойынша цифрлық сауаттылықты арттыруға бағытталған «Қалтаныздағы ХҚО», «Заманауи жүргізуші», «Мемлекеттік қызметтер» акциялары ай сайын өткізілсе, әр аудан, қалалық бөлімдерде тұрғындарға электронды үкімет порталын үйрету семинарлары апта сайын жүргізілуде. Айта кетсек, жыл басынан бері облысы бойынша 1126911 электронды қызмет алынып, 383 623 қызмет алушы мобильді қызмет базасына тіркелген.

«SMART TURKISTAN» ТИІМДІ

Ақылды қалаларға арналған бағдарламалық камсыздандыру шешімдері мен құрылғыларды жеткізушілер, ЖОО-лар, ғылыми-зерттеу институттары, ұлттық компаниялар, үкіметтік

емес ұйымдар, жергілікті бизнес қауымдастығы, облыс, қала және аудан әкімдіктерінің басқармалары мен бөлімдері, сонымен бірге аймақ тұрғындары түгел «Smart Turkistan» жобасына қатыспақ.

«Smart Turkistan» форумында цифрландыру бойынша аймақтың даму тұжырымдамасы, қызмет көрсету үлгісі, мемлекеттік-жеке серіктестік секілді өзара қарым-қатынастың тиімді үлгісі ретінде Vendor Management Office (VMO) арқылы АКТ шешімдерді жеткізушілермен жұмыс іструдің ашықтығын енгізу таныстырылады. Одан басқа, елімізде алғашқы рет мемлекетті басқаруда адамға бағдарланған тәсілді енгізу бойынша жаңа үлгі көрсетілмек.

Сонымен бірге денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік бағыт; көлік және қауіпсіздік; урбанистика, мәдениет, дін және туризм; мемлекеттік басқару, ТҮКШ, ауыл шаруашылығы, ақпараттық технологиялар мен телебайланыстар және басқа да тақырыптар бойынша жаңа жобалар жүзеге аспақ. Мамандар

«Smart Turkistan» форумы облыс алдында тұрған міндеттер мен жоспарларды анықтауға, Түркістан облысының тұрғындарымен өзекті мәселелерді талқылауға және күрделі мәселелерді жоюға мүмкіндік беретінін айтады.

Осылайша, елімізде алғаш рет мемлекет пен жеткізушілер үшін өз сұрауын жасау мен қалыптастыру үрдісінде тұрғындарды белсенді тартуды болжайтын, мемлекетті басқаруда адамға бағдарланған тәсілді енгізу бойынша жаңа үлгі таныстырылды.

БІЛІМ САЛАСЫ БІРІНШІ ОРЫНДА

Түркістан облысы білім саласындағы

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҢА КЕЗЕҢГЕ ӨТТІ

цифрландыру жүйесін елімізде бірінші болып енгізді. Бұл туралы білім басқармасы басшысының орынбасары Ардақ Садықова хабарлады. Оның айтуынша, бұл жүйе білім саласындағы ашықтық пен қолжетімділікке бағытталған. Биыл 481 мектепке дейінгі білім беру ұйымына жолдама беру және кезекке қою осы жүйе аясында жүзеге асты. Бұл аймақтағы балабақшалардың 35 пайызын қамтиды. Жыл соңына дейін осы көрсеткішті 100 пайызға жеткізу жоспарланған. Сонымен қатар оқушыларды мектепке қабылдау да тектер.sitsen.kz порталы арқылы жүзеге асырылады. Биыл аймақта осы жүйе арқылы 54 751 оқушы электронды түрде 1-сыныпқа қабылданған. Осы төңіректе ой бөліскен облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Ардақ Садықова бізге: «Бұл жерде қағида бойынша сіз қанша жоғары балл алғаныңыз емес, деңгейді өту ғана. Сіз 100 балл алсаңыз да, егер комиссияның талаптарына сай болмасаңыз, өте алмайсыз. Өйткені комиссияның шешімі мен бұйрық шығарылады», — деді.

Сондай-ақ өңірдегі мектептерге jumys.sitsen.kz порталы арқылы қатардағы қызметкерлер мен мұғалімдерді жұмысқа қабылдау жүйесі енгізілді. Бүгінде осы жүйе арқылы 837 адам жұмысқа орналасқан. Солардың бірі — жас маман Жағас Батырхан. Бұл туралы ол: «Жалпы «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы бойынша ақпараттың ашықтығы мен жариялылығы негізінде құрылған бұл жоба — үтқыр жоба. Жемқорлықтың алдын алады. Жастардың бос жұмыс орнын онай табуына үлкен мүмкіндік береді. Сапалы кадрларды бірден табуға ықпал етеді деген сенімдемін», — дейді.



«Е-COT» ЖЕМІСІН БЕРДІ

Еліміздегі сот жүйесін дамыту бойынша айқындалған жеті басым бағыттың бірі — «Е-Cot» жобасы шенберінде «Виртуалды сот» пилоттық жобасы іске қосылған еді. Атаған жоба аясында тараптар смартфондарына

орнатылған «TrueConf» қосымшасы арқылы сот процесіне бейнебайланыс арқылы онлайн режимде тікелей қосыла алады. Бұл туралы бізге Түркістан облысының өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық соттың судьясы Бүркіт Байдуллаев әңгімелеп берді.

Оның айтуынша, сот процесін виртуалды өткізу сот төрелігін жүзеге асырудағы аумақтық кедергілерді жойып, уақыт және материалдық ресурстарды үнемдеп, сот төрелігіне шексіз және ыңғайлы қол жеткізуді қамтамасыз етеді. «Биылғы 9 айдың қорытындысы бойынша дыбыс-бейне жазба құрылғыларымен облыста 14 650 іс қаралса, өткен жылдың тиісті кезеңінде 12033 іс шешімін тапқан. Жыл басынан облыстың аудандық және оған тенестірілген соттарға барлығы 29368 талап арызы түсіп, көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 10,4 пайызға кеміген. Ал татұластыру рәсімімен 1045 іс аяқталды. Бұл шешім шығарылған істердің 3,8 пайызын құрайды, — деді Бүркіт Жұмабайұлы.

Түркістан облыстық сотының судьясы Аянбек Токсанбаевтың айтуынша, сот қызметін онтайландыру, халыққа ыңғайлы, ашық, қолжетімді етуге бағытталған «Сот төрелігінің 7 түйіні» бағдарламасы аясындағы пилоттық жобаларды өңірде қолданысқа кенінен енгізу үшін айтарлықтай жұмыс атқарылған. Осы төңіректе Аянбек Бекежанұлы: «Облысы бойынша мамандандырылған соттардың ғимараттарында медиация кабинеті, фронт-офистер ашылды. Орталық арнайы техникамен жабдықталған және азаматтарға сотқа беретін арыздардың тәртібі туралы ақпарат алуға, медиатормен немесе адвокатпен кенесе отырып, құқықтық мәселелердің шешімін табуға, сондай-ақ сотта қаралып жатқан өтініштердің мән-жайы туралы білуге мүмкіндік жасалған. Сондай-ақ, медиаторлар мен адвокаттарға және азаматтарға іспен танысуға арналған кабинеттер қарастырылды. Орталыққа келушілер қажетті ақпарат алып, сотқа қажетті құжаттарын тапсыра алады. Бұдан бөлек, тіркеу талоны бойынша «Сот кабинеті» арқылы істің барлық қозғалысын бақылап отыруға мүмкіндігі бар», — деді.

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҢА КЕЗЕҢГЕ ӨТТІ



Айта кетерлігі, «Үлгілі сот» бағдарламасын іске асыру шеңберінде өңірде «Судья көмекшісі» пилоттық жобасы іске қосылған. Жобаның мақсаты — сот жұмысының тиімділігін арттыру, сот төрелігінің сапасын жақсартып, судьялар мен сот қызметкерлерінің жұмысын онтайландыру.

«АҚЫЛДЫ КВАРТАЛ» АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Аймақта цифрландыру орталығы отандық ІТ жүйелерін әзірлеушілермен бірлесіп, Түркістан қаласында бірнеше пилоттық жобаларды жүзеге асыруда. Мәселен, Түркістан қаласының

пен бейнебақылауды қамтамасыз ету бойынша бірнеше жобалар жүзеге асырылууда. Ағымдағы жылдың соңына дейін облыстық ТЖД үшін «112 қызметі» автоматтандырылған жүйесін пайдалануға енгізу көзделіп отыр.

«Цифрландыру жобаларын үйлестіруді, сараптамалық қолдауды және өзара ықпалдастыруды қамтамасыз ету үшін облыс әкімдігі «Түркістан» ӘКК» АҚ базасында 2018 жылы қазан айында цифрландыру орталығын құрды. Қазіргі уақытта цифрландыру орталығы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде 15-тен астам халықаралық және қазақстандық ІТ компаниялармен ынтымақтастық туралы



меморандумдарға қол қойды. Атқарылған іс-шаралар аймаққа салынатын инвестиция көлемін 30 миллион АҚШ долларына жетуіне және ІТ мамандар үшін қосымша жұмыс орындарының ашылуына септігін тигізеді деп күтілуде.

Цифрландыру орталығы мемлекеттік органдардың мамандарына, облыстық, аудандық және қалалық әкімдіктерге цифрландыру бойынша жол карталарын әзірлеуде қолдау көрсетеді. Облыстағы барлық қалалардың ішінде алғашқы болып, цифрландыру бағдарламасына Сарыағаш қаласы қосылды. Цифрландыру орталығымен бірге ақылды қала — Sary Agash Digital жобасы әзірленді.

2021 жылға дейін есептелген портфельде 28 жоба бар. Олар — қаланы тиімді басқару

және осы процеске белсенді азаматтарды тартуды қамтамасыз етпек. Цифрландыру орталығының алдағы жоспары — ұлттық геоақпараттық жүйесінің бөлігі ретінде облыстың бірыңғай геопорталын құру, сонымен бірге өңірді цифрландыруға ниетті отандық ІТ

компанияларға цифрландыру жобаларын жүзеге асырулары үшін бірыңғай сервистік модель ұсыну.

ДӘРІГЕРЛЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ ЖЕҢІЛДЕДІ

Цифрландыру аясындағы пилоттық жобаға Түркістан облысының медициналық ұйымдары 2018 жылдың сәуірінен бастап енген. Содан бері, ақпараттық жүйелер кезең-кезеңімен цифрландырылып келеді. Өңірде 38 медициналық мекеме болса, оның 100 пайызы ақпараттық жүйемен қамтылып отыр. Бұл мақсатта «Даму», «Жарқын болашақ», «КазМедИнформ» атты жүйе таратушы 3 мекеме жұмыс істейді. Түркістан облыстық денсаулық сақтау басқармасының бас маманы Еркебұлан Баязитов: «Қазіргі таңда осы медициналық ақпараттық жүйелер арқылы электронды паспорттар жасақталған болатын. Облыс бойынша 98 пайызы жасалды. Жылдың соңына дейін 100 пайызға жеткізетін боламыз. Мобильді қосымшалармен қызмет тері қазір 30 пайыздан асып тұр», — дейді бізге берген сұхбатында.

Тұрғындар ақпараттық жүйенің шарапатын көріп келеді. Аурухананың дәрігеріне онлайн жүйесі арқылы тіркеле алады. Үйіне дәрігер шақырту жайы да қарастырылған. Интернеті болса, лабораториялық зерттеулердің нәтижесін көруге мүмкіндігі бар. Сондай-ақ денсаулық сақтау паспортындағы барлық ақпаратты мобильді қосымша арқылы оңай қолдануына болады.

Бұл төңіректе өз пікірімен бөліскен Түркістан қалалық емханасы бас дәрігерінің орынбасары Райымбек Тасырбаев: «Бұл цифрландыру медицина саласына енгелі бері, дәрігерлердің жұмысы біршама азайды. Атап айтқанда, бұрын науқастар дәрігер қабылдауында 30 минутқа дейін отырса, қазіргі таңда дәрігердің кенесін 15 минут көлемінде алады. Сонымен қатар науқастардың емханада келуі 2 есеге қысқарды. Қосымша, дәрігерлердің жұмысы, сапасы артып, жемқорлыққа жол бермеу жағынан көмегін тигізіп жатыр», — дейді.

Медициналық қызметтің түрлері қолжетімді әрі сапалы болуы — басты міндет. Осы бағыттағы жұмыстар әлі де жалғасады.

Нұрбақ ЕДІГЕ,
*Түркістан облысы бойынша
меншікті тілші*

Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қоғамдық өмірдің барлық саласында тілдерді дамыту мен қолдану және мемлекеттік тілді кең ауқымды қолдану үшін жағдай жасауға байланысты өзекті проблемаларды шешудің нормативтік-ұйымдастырушылық негізі болып табылады. Осылайша қазақ тілі – Қазақстан халқын біріктіретін тілге айналып келеді. Бұл бағытта Жамбыл облысында да жемісті жұмыстар жүргізуде.

Өңірде мемлекеттік тіл саясатын дамыту жүйелі жолға қойылып, өзге ұлт өкілдерінің қазақ тілін меңгеруіне барлық жағдай жасалған. Бұл бағытта Қазақстан Халқы ассамблеясы облыстық хатшылығымен бірлесіп, аймақ бойынша нақты жұмыстар атқарылуда. Соның айқын дәлелі – ассамблея облыстық хатшылығы жанындағы «Ақ желкен» жастар лигасы мен облыс әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасы бірлесіп «Мәміле» клубын құруы. Ондағы мақсат – өзге ұлт жастарының қазақ тілін жетік менгеріп, салт-дәстүрі мен тәрбиесін бойға сіңіруіне жәрдемдесу.

Жалпы, жыл басында Жамбыл облыс әкімдігі тілдерді дамыту басқармасы жанындағы тілдерді оқыту орталығы мен «Қоғамдық келісім» мекемесі арасында «Мәміле» клубының тұжырымдамасы әзірленіпті. Бүгінде жұмысы жүйеге келген



МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ҰЛТТАРДЫ ҰЙЫСТЫРДЫ

клуб, тілді үйренгісі келетіндер мен оған көмек көрсететін, сондай-ақ тілді меңгерген еріктілерге арналған диалог алаңы ретінде қалыптасты. Бұл орайда, аймақтық тілдерді оқыту орталығының жұмысын айтып кетпеске болмас. Орталық директоры Гүлхан Әлімбекованың айтуынша, клубтың жұмысы қазақ халқының тарихи және мәдени мұрасын, салт-дәстүрін, менталитетін және өмірлік құндылықтар жүйесін зерделеу арқылы мемлекеттік тілді үйренумен қатар, бастысы, «Біз» деген тұрақты сезімді қалыптастыруда маңызы зор екен.

– Бүгінге дейін «Мәміле» клубының он отырысы өтті. Клубтың тұрақты мүшелері сайланып, әр отырысқа 40-45 өзге ұлт өкілдері қамтылды. Бұл клуб – тілді үйренгісі келетіндер мен оған көмек көрсететін, сондай-ақ тілді меңгерген еріктілерге арналған диалог алаңы болып табылды.

«Мәміле» – қазақ тілінде тілдесу клубы, тілек білдірушілерге мемлекеттік тілде әңгімелесу арқылы, кез келген ортада тілді меңгеруге мүмкіндік берді. Сондай-ақ қазақ тілін оқытудың инновациялық авторлық әдісі бойынша, яғни Қ.Тасыбеков әзірлеген әдістемемен жүргізіліп, ұлттық менталитеттің ерекшеліктері, тарихтың өзіндік фактілері, фольклорлық ұғымдар, қазақ халқының құндылықтар жүйесі мен басымдықтары арқылы қазақ тілін үйренді. Бұдан өзге сөйлеу өрнектерін, мақал-мәтелдерді, фразеологизмдерді меңгерді.

Президенттің идеяларын іске асыратын талантты жастар қалыптаса бастады.

Облыста «Ақ желкен» жастар лигасы құрылған. Жастар лигасының құрамына қазақ, дүнген, түрік, тәжік, ұйғыр, шешен-ингуш, еврей, карашай-балкар этномәдени бірлестіктері және «Радонеж» орыс қауымдастығы жастар қанатының өкілдері кіреді. Қазіргі таңда аталған жастар лигасына ҚХА мүшесі, облыстық «Вынуха» дүнген мәдени орталығы қауымдастығы жастар қанатының төрағасы Зайнулдин Махусеев төрағалық етеді. «Қазақстан – 2050 бағдарламасын іске асыруды, ҚХА ұлтаралық келісім мен толеранттық мінез-құлықты өскелең ұрпақ өкілдеріне жеткізу, қалыптастыру және қазақстандық патриоттық тәрбиені басты бағыт етіп алған лига Жастар жылында тың бастамалар көтеріп отыр. Құрылғанына 4 жыл болған лига төрағасы Зайнулдин Махусеевтің айтуынша, олар жылдағы дәстүрлі шаралардан бөлек, күнделікті шараларға басымдық беріп отыр. Сонымен қатар «Мәміле» клубы

тілін меңгеруін жөн деп білеміз. Әрине, бұл орайда мемлекеттің көмегіне сүйене отырып, қазақ тілін барынша меңгеріп жатырмыз, – дейді З.Махусеев.

Расында, елімізде бір шаңырақ астында тіршілігін тіктеп, өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдері Ұлы даланың



Айгүл Қабиева, «Әулиеата» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары

иесі саналатын қазақ халқының тілін білуі шарт. Бұл тұрғыда Елбасы «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деп, «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды» деген еді. Ақиқатында, ұлттың рухани тамыры бастауын тілден алады. Елімізде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуді, оны отандастарымыздың үйренуін, сол арқылы қазақстандық патриотизмді қалыптастыруды насихаттауда «Мәміле» клубының орны айрықша.

Жамбыл облысында аталған клубта жастармен қатар ересек ұлт өкілдері де қазақ тілін меңгеріп, дәстүрін санасына сіңіруде. Мәселен, Тараз қалалық өзбек этномәдени орталығының төрағасы Абдурахман Зайнутдинов «Мәміле» клубының өзге ұлт өкілдерінің қазақ халқының тілінен бөлек, дәстүрі мен әдеп-ғұрпын меңгеруге керемет мүмкіндік екенін айтады. Ол бұл туралы: «Қазаққа «Жеті атасын білмеген жетесіз» деген керемет сөз бар. Атасының ғана емес, әулетінің шежіресіне қанығып өскен баланың ата тегін, қадір тұтатыны белгілі. Ашығын айтар болсам, әлемде ешбір ұлт «тегіне» мән бермейді. Бұл тұрғыда қазақ халқы өзінің шыққан тегін ұрпағының санасына сіңіріп, жеті атасын жаттатады. Бұл дегеніміз – қанның тазалығы мен ұрпағынның денсаулығы. Оны білу де – ұлы істің айғағы. Ата тегін білген ер жігіт өзінің тегіне, болашағына аса бір құрметпен қарайды. Өйткені, тектілік – сезімнен де биік тұратын құндылық. Біз өзге ұлт өкілдері «Мәміле» клубының жүргізіп жатқан сабақтары арқылы осыны үйрендік. Бұл бір ғана мысал. Сонымен қатар біз біле бермейтін дәстүрлерге қанықтық. Осы орайда, аталған клубтың жұмысы тоқталып қалмаса екен деген тілегім бар. Себебі балаларымыз, ұрпағымыз қазақ халқының тілін меңгере отырып, дәстүрін де білуі қажет», – дейді.

Ақиқатын айтар болсақ, ерте ме, кеш пе мемлекеттік тілдің қажеттілігі еліміздегі әр отандасымызға ықпал етеді. Осыны ескерген жамбылдық тіл саласының мамандары мен Қазақстан Халқы ассамблеясы облыстық хатшылығының атқарып жатқан жұмысы көпке үлгі. Шынтауайтында, келісіп пішкен тонның келте болмайтыны секілді бірлесіп жасап жатқан жұмыстың нәтижелі болары анық.

Шынболат СЕЙДҰЛИЕВ,
Жамбыл облысы бойынша
меншікті тілші

АИМАQ



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Тәртіп

Нұр-Сұлтан қаласы күн өткен сайын көркейіп келеді. Ел астанасының қазіргі дамуына сай тазалығы мен тәртібін ұдайы назарда ұстаған қала әкімшілігі жұрттың жайлы өмірі үшін барлық шараларды қолдануда. Әсіресе шаһар тұрғындары мен қала қонақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге баса назар аударылады. Осы орайда, полиция қызметкерлерінің тынымсыз еңбегінің арқасында тұрақтылық пен қауіпсіздік сақталып отырғанын ерекше атап көрсеткен жөн. Айталық, қалалық полиция департаменті баспасөз қызметінің деректеріне қарағанда, 1500-дей полиция қызметкерлері мен Ұлттық гвардия сарбаздары барлық аумақтарды тәулік бойына жіті қадағалайды. Олар тәртіп бұзушылық пен қылмысқа қарсы күресте дамыған елдердің тәжірибесін қолданып, заманауи техникалық құралдар мен технологияларды шебер пайдалануда.

Қазіргі уақытта қала аумағында 858 бақылау камерасы тәулік бойына жұмыс істейді. Олардың 510-ы жол қиылыстарында, 124-і қоғамдық орындарда орнатылған. Осы арқылы жол және қоғамдық қауіпсіздік тұрақты қадағаланады. Мәселен, осы уақытқа дейін жол полициясының орталық басқару мекемесі арқылы 714 қылмыс, 31972 әкімшілік құқықбұзушылық, оның ішінде 86 жол-көлік оқиғасы тіркелген. Сонымен қатар қоғамдық тәртіпті сақтауға мемлекеттік емес күзет құрылымдары, полицияға өз еріктерімен көмектесуге ықылас білдірген азаматтар тартылған. Дәл қазіргі уақытта еріктілер қатарында 669 азамат бар.



Ержан Сәденов

Жыл басынан бері Нұр-Сұлтан қаласында алдын алу шараларына арналған 298 рейд ұйымдастырылып, көшелерде, қоғамдық орындарда, саяжайларда, жұртшылық жиналған орындарда түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде 6899 әкімшілік құқықбұзушылық анықталды.

Биыл «нөлдік төзімділік» қағидатын іске асыру аясында 41792 хаттама толтырылды (*ұсақ бұзақылық – 2133, тыныштықты бұзу – 3959, көпшілік орындарда мас күйде жүру – 13782, рұқсат етілмеген орындарда темекі шегу – 6172, қоғамдық орындарда жұрттың берекесін алу – 2852, көз алдандыру ережесін бұзу 12894*). Қалалық ювеналды полиция қызметкерлері жасөспірімдер арасында жағалауда ұдайы алдын алу шараларын өткізіп, 48 мың баланы қамтыған 400 лекция оқылып, 4500 брошюра таратылды.

Ал 24-28 шілдегі «Қауіпсіз жол» шарасы барысында жол-көлік оқиғалары азайғаны байқалды. Осы уақыт аралығында тәртіп бұзған 2613 жүргізуші мен жаяу жүргіншінің үстінен хаттама толтырылды. Сондай-ақ түрлі талаптарды бұзғаны үшін 164 қоғамдық көлік жүргізушісі әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Көліктік бақылау инспекциясы өкілдерінің қатысуымен ұйымдастырылған тексеру шаралары барысында жолаушылар тасымалдауда тәртіп бұзушылықтар анықталып, 12 жүргізуші тәртіп сақшылары алдында жауап берді.

Елордалық полиция қызметкерлерімен 6-11 тамыз аралығында «Ауаларда қабылдау» жедел алдын алу іс-шарасы жүргізілді. Іс-шара дәстүрлі түрде тұрғын үйлердің аулаларында өтті. Онда полиция қызметкерлері тұрғындарға түрлі сұрақтар бойынша кеңес берді. Қала тұрғындарына ыңғайлы болу үшін «шұғыл желі» ұйымдастырылып, ол полицейлерге сұрақ қойғысы келетін барлық адамдарды қамтуға арналды. Мысалы, Елордалағы Кенен Әзірбаев көшесі аулаларының бірінде полиция қызметкерлері ПИК төрағасымен бірге «Ауаларда қабылдау» акциясына қатысты. Осы ауданда тұратын тұрғындар көкейінде жүрген



сұрақтарын қойды. Көбіне түнгі уақытта тыныштықты бұзу, жол қозғалысы ережесін бұзу, бейнебақылау камераларының жұмысы, түнгі уақытта спирттік ішімдіктер ішу сияқты сұрақтар жиі кездесті.

Іс-шараға әкімшілік, көші-қон және жергілікті полиция басшылығы да қатысты. Сұрақ қойғысы келген адам алдын ала жазылмай-ақ тікелей сұрақтарын қойып, тиісті жауап та алды. Осы орайда, Нұр-Сұлтан қаласы полиция департаментінің бастығы, полиция полковнигі Ержан Сәденов: «Ішкі істер органдарының алдында қойылған басым міндеттердің бірі – халықтың полиция қызметіне деген сенімін арттыру. Біз халықпен жұмыс істеудің жаңа форматтарын іздеуге тиіспіз. Ашықтық пен жариялылық – халықпен жұмыс істеудің қазіргі үлгілерінің бірі болып табылады», – дейді.

Бүгінгі таңда қалада 551 басқарушы ұйым бар. Учаскелік инспекторлар ПИК отырыстарына апта сайын қатысып, азаматтарды өз орындарында қабылдайды. Осылайша, ағымдағы жылдың 6 айының қорытындысы бойынша қылмыс деңгейі төмендеді, ауыр және аса ауыр қылмыс жасау, оның ішінде қоғамдық орындар мен көшелерде жасалатын ұрлықтар мен қылмыстардың жалпы саны қысқарды. Қоғамдық орындарда жасалған қылмыстардың саны 29,6%-ке, көшелерде 41,7%-ке азайды.

Осындай акциялар азаматтардың полицейлермен тікелей қарым-қатынаста болуына, ал полицияның өз кезегінде халықпен өзара тиімді әрекет етуіне мүмкіндік берді.

«Ауаларда қабылдау» акциясы барысында тұрғындарға көптеген кеңес берілді. Азаматтар ең өзекті мәселелердің бірі ретінде халықты тұрғылықты тіркеу, жол қозғалысын ұйымдастыру болды. Сондай-ақ азаматтардан полицияның, оның ішінде қоғамдық, жол қауіпсіздігі, көші-қон қызметін жақсарту бойынша ұсыныстар келіп түсті.

Полиция – халық күзетшісі. Сақшылардың тынымсыз еңбегі қарапайым жұрттың тыныш әрі қолайлы өмір сүруіне септігін тигізеді. Мұны елордалық тұрғындар жақсы сезініп отыр.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ



Сонымен қатар тіл үйренушілердің сөйлеуге дайындығын жеделдетуге көп септігін тигізді. Курс тыңдаушылары үйлену, жерлеу, науқасқа бару кезінде, халықтық салт-дәстүрлер, әдет-ғұрыптар мен өзге де мемлекеттік және халықтық мерекелерде еліміздің азаматтары бетпе-бет келетін түрлі жағдайда қолданылатын сөздерді үйренеді, – дейді Гүлхан Мұхтарқызы.

Негізінен, облыстық Қазақстан Халқы ассамблеясы жанында Тараз қаласында 26 және аудандарда 47 этномәдени бірлестіктер бар. Айта кетерлігі, этномәдени бірлестіктердің әрқайсысында белсенді жастар көшбасшыларына кіретін жастар қанаты жұмысын жандандыруда. Ашығын айтқанда, бірлестіктер жанындағы жастар көшбасшылары – үлкен қоғамдық күш.

Жастар этномәдени бірлестіктердің және ҚХА мен аймақтық бөлімшелерінің өткізетін қоғамдық мәні бар іс-шараларына қатысып, бүгінде бірлестік жастары көшбасшылары арасында болашақта

арқылы өзге ұлт жастарының қазақ тілін меңгеру үшін жағдай жасап, мемлекеттік тіл саясатының дамуына өз үлестерін қосуда. Сондықтан Зайнулдин бастаған жастар келешегін Қазақстанмен байланыстырған әр қазақстандық қазақ тілін білуі тиіс екендігін алға тартады.

– Мемлекеттік тілді дамытып, оның қолданыс аясын кеңейту, сонымен қатар облыста тұрып жатқан этностардың тілдерін дамыту және мемлекеттік қызметшілер мен барлық санаттағы азаматтарға мемлекеттік тілді оқытуға жағдай жасауда «Мәміле» клубының маңызы зор. Біздің қоғамымызда мемлекеттік тілді толығымен орнықтыру үшін адамдардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыруымыз керек. Мемлекеттік тілді меңгеру – тұрып жатқан Отанымызды тануға және түсінуге орасан зор мүмкіндік береді. Мемлекеттік тілде қарым-қатынас жасау – әрқайсымыздың міндетіміз, өйткені біз бір мемлекеттің – Қазақстанның азаматтарымыз. Сондықтан өзге ұлт өкілдерінің қазақ

ағылшын, орыс және казак тілінде сөйлей аламын. Әсіресе анамның ауылына барған кезде тек казак тілінде сөйлеуге тырысамын. Оңтүстіктің тәрбиесін алғандықтан, үй шаруасын да істеп, тіпті тамақ әзірлеуді де

білемін. Менің төлқұжатымда ұлты «казак» деп жазылған. Әуежайдан тексеруден өткенде «сіз шынымен де казаксыз ба?» деп таңырқай сұрақ қоятын жағдай жиі болады. Қазактың салт- дәстүрлерін де жақсы білемін. Мысалы, «кыз ұзату», «тұсаукесер», «сүндет той» деген сияқты. Тіпті осындай тойларда қонақта болдым. Әсіресе шетелдік достарыма казактың салт-дәстүрлері туралы әңгімелегенді жақсы көремін.

Жас qazaq: Журналист мамандығы жүрек қалауыңыз ба?

А.Уәдраого: Бала кезімде вокалды оқыдым, Бейонсе сияқты ән салуды армандадым. Мен бұл арныммен

бірнеше жыл өмір сүрдім. Бірде сәулетші болғым келді. Нәтижесінде мен журналист болдым. Қазакстандық режиссерлердің эпизодтық рөлдерінде ойнадым. Егер маған фильме түсуге шақырса, бұл ұсынысты қуана қабыл алар едім. Журналистика факультетінде оқып жүргенімде Будапештке алты ай оқуға грант жеңіп алдым. Одан кейін Гонконгта тағы алты ай магистратурада оқыдым. Польшада білім алдым. Мен әлемді көріп,

тәжірибе жинау үшін шетелге жиі баруға тырысамын.

Осыдан бір жыл бұрын мен Алматыда тұрған кезімде, Нұр-Сұлтандағы «Еуразия» арнасынан хабарласып, казак тіліндегі ток-шоудың қосалқы жүргізушісі болуға шақырды. Казак тілін білсем де, бағдарлама жүргізуге дайын еместігімді айтып, ұсыныстан бас тарттым. Бірнеше айдан кейін осы арнада ауа райын жүргізуге кастинг жариялағанын естіп, екі рет Нұр-Сұлтанға келіп, байқаудан өтіп кеттім. Қазір «Еуразия» арнасындағы таңғы «Қайырлы таң, Қазакстан!» бағдарламасын орыс тілінде жүргіземін. Казак тілін жетік меңгеруге бар күшімді салып жатырмын. Болашақта бағдарламаны казак тілінде жүргізем деген жоспарым бар. Осылайша, астанаға біржолата қоныс аударып, жүрегім қалаған мамандықпен жұмыс істеп жүрмін.

Сұхбаттасқан
Макпал НОҒАЙБАЕВА

ҰАҒИ

Амината Уәдраого өзін екі Отаны бар бақытты қыз санайды. Оның әкесі африкалық болғанымен, анасы – киелі Түркістан өңірінің тумасы. Амината Алматыда дүниеге келіп, 3-12 жас аралығында әкесінің отаны – Буркина-Фасо астанасы Вагадугу қаласында тұрған. 2004 жылы ол отбасымен Қазақстанға оралып, осында білім алып, жоғары оқу орнын тәмамдады. Қазір Нұр-Сұлтан қаласында тұрады.

Жас qazaq: Амината, Қазақстанға келіп, жергілікті мектептен білім алдыңыз. Сізді құрбыларыңыз қалай қабылдады? Ортаға тез сіңіп кеттіңіз бе?

А.Уәдраого: Қазақстанға алғаш рет келгенде мен он екі жаста болатынымын. Анам — казак. Ал әкем Алматыға зангер

Амината УӘДРАОГО,
тележүргізуші:

Қазақ тілін жарты жылда үйрендім


мамандығы бойынша білім алуға келген екен. Екеуі Алматыда танысып, бір-бірін ұнатып отау құрған. Алайда қызмет барысымен әкемнің отанына кетеді. 2004 жылы Алматыға отбасымызбен қайта оралдық. Алғашқыда інім екеуімізге ел қатты назар аударатын. Анам «сендер мұлатсындар, сондықтан ерекше болып көрінесіндер, ол қалыпты жағдай. Ең бастысы, елдің назарына дайын болындар. Қандай жағдай болмасын, өздеріне қолайлы ортаға бейімделу өздеріне байланысты деп қолдау білдіріп отыратын. Алғашында мен күнделігіме сабақ кестесін француз және орыс тілінде жазатынымын. Үш айдың ішінде казак және орыс тілін үйрене басталдым. Ал жарты жылда осы екі тілді әжептеуір меңгердім. Сол кезде ұстаздарым мені өзгелерге үлгі етіп айтатын. Қазақстанға тез үйрендім. Өйткені бойымда казактың қаны бар емес пе?

Жас qazaq: Анаңыз салт пен дәстүрді берік ұстанған оңтүстік өңірдің қызы. Сізді де бойыңызға казактың дәстүрін сіңіріп өскен шығарсыз?

тілінде сөйлейтінбіз. Өйткені ол жердегі мемлекеттік тіл — француз тілі. Ол жақта да осындағыдай жағдай қалыптасқан. Туған-туысқандар бір үйге жиналып, әңгіме айтып арқа-жарқа болады. Қазір француз,

Амината әріптестерімен

ӨТТЕГЕН-АЙ:



Алматыдағы Чайковский мен Төле би көшелерінің қиылысында тұғыр үстіне қойылған «жүрек» тұр. Әлгі жүрек-тастағы «Әлемдегі барлық ғашықтарға арналады» деген жазу жаныңа жылу сыйлайды. Авторлар осы арқылы жастарға адал махаббаты насихаттап, рухын оятқысы келген болар. Алайда қызыл таспен қапталған ескерткіштің қазіргі күйін көрдіңіз бе? Жүрегіңіз ауырады...

Суретті түсірген
Жолдасбек
ДУАНАБАЙ



НАУКАС МҮНІС

ҚИСЫҚ МӘТІН ТІЛ БҰЗАР!



ЖӘДІГЕР



Қазақтың нас батыры Бөгенбайдың дулығы мен айбалтасы оның жетінші ұрпағы Жабайдың қолында сақталған. Ал батырдың тор-көз сауытын жұрт киелі санап, екіқабат өйелдер мен науқас жандар жұлып-жұлып алып, тек дулығы ғана қалыпты. Дулығы қарапайым, жеңіл әрі берік. Дулығының мойынды, иықты қорғайтын шығыршық сауытынан ештеңе қалмаған. Сансыз көп жорықтың іздері сайрап тұр.

Бөгенбай батырдың дулығы мен айбалтасы



Айбалта ше? Батыр бабамыздың айбалтасы — ұрпақтан-ұрпаққа жеткен асыл қазына. Бұдан өзге қанжығалы қарт Бөгенбайдың қамшысы да болған. Оны ұрпағы Бапан би кезінде Тұрлыбек Кемелұлына сыйлапты. Батырдан тарайтын Нұрғайша деген қызы тұрмысқа шыққан кезде, әкесі батырдың су ішетін шарасын беріпті. Оның ізін Ерейментау маңынан табуға болатын көрінеді. Қорамсағы Семей музейінде. Қылышын батырдың немересі Бапан би Омбы генерал-губернаторына сыйға тартқан деген дерек бар. Ол Санкт-Петербург, Мәскеу, Омбы музейлерінде болуы мүмкін.



**Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ**

Редакция алқасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Макпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2179;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралымы — 8 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозғарысын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.